

**TOSHKENT DAVLAT PEDAGOGIKA UNIVERSITETI  
HUZURIDAGI PEDAGOG KADRLARNI QAYTA  
TAYYORLASH VA ULARNING MALAKASINI  
OSHIRISH TARMOQ MARKAZI**



# **ONA TILI VA ADABIYOTI (QOZOQ TILI)**

**Qozoq tili va adabiyotini o'qitishda  
zamonaviy yondashuvlar**

**MODULI BO'YICHA  
O'QUV-USLUBIY  
MAJMUA**

**TOSHKENT**

**Бұл оқу-әдістемелік кешен Мектепке дейінгі және мектеп білімі министрлігінің 2023 жыл “25”-августдағы 391-санды бұйрығымен бекітілген оқу жоспары және бағдарламасы негізінде істеп ШЫҒЫЛҒАН.**

**Түзушілер:**           **Н.Абдувалитов** – Низами атындағы ТМПУ,  
“Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы доцент м.а.,  
п.ғ.ф.д. (PhD)

**Д.Дуйсабаева** – Низами атындағы ТМПУ,  
“Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы доценті

**Пікір жазған:**       **А.Қалдыбекова** – Низами атындағы ТМПУ,  
“Жалпы педагогика” кафедрасы профессоры, п.ғ.к.

***Оқу-әдістемелік кешен Ташкент мемлекеттік педагогика университеті Кеңесінің 2023 жыл “27”-июндағы 11-санды қаулысымен баспаға ұсынылған.***

## МАЗМҰНЫ

<b>I. КІРІСПЕ .....</b>	<b>4</b>
<b>II. ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ МАТЕРИАЛДАРЫ.....</b>	<b>10</b>
<b>III. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ.....</b>	<b>72</b>
<b>IV. ГЛОСАРИЙ .....</b>	<b>79</b>
<b>V. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: .....</b>	<b>83</b>

## I. КІРІСПЕ

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жыл 7 февралдағы ПЖ-4997-санды Жарлығымен бекітілген “2017-2021 жылдары Өзбекстан Республикасын одан ары дамыту бойынша бес үстем бағыты бойынша Өрекеттер Стратегиясында” ұлттық кадрлардың бәскелестігі және әлемдік жүйеге негізделген жоғары оқу орындарының ұлттық жүйесінің сапасын арттыру, Болонья үдерісі қатысушы мемлекеттердің дипломдарын өзара тән алуға, оқытушы және студенттердің академиялық ұтқырлық бағарламасын жүзеге асыруға көмектесетін 1999 жылы 19-июнда Болонья декларациясына қосылу мәселесін көріп шығу белгіленген.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 8 қазандағы Жарлығымен бекітілген «Өзбекстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін 2030 жылға дейін дамыту концепциясына» сәйкес, мемлекетіміздегі жоғары біліммен қамту деңгейін арттыру, халықаралық стандарттар негізінде өз бетінше шешім қабылдай алатын жоғары білікті, шығармашыл және жүйелі ойлайтын кадрларды даярлау, олардың интеллектуалдық қабілеттерін таныту және рухани кемел тұлға ретінде қалыптасуы үшін қажетті жағдайлар жасау айқындалды. Сондай-ақ, еліміздің барлық саласында реформаларды жүзеге асыруды, адамдардың дүниетанымын өзгертуді, жетілген, заман талабына сай маман кадрлар даярлауды өмірдің өзі талап етіп отыр. Республикада білім беру жүйесін нығайтып, оны уақыт талабымен үйлестіруге үлкен мән берілуде. Бұл ретте маман кадрларды даярлау, оқыту және тәрбиелеу жүйесі реформалар талаптарымен тығыз байланысты болуы маңызды. Заман талабына сай маман кадрлар даярлау, білім беруді және оның барлық құрылымдарын мемлекет талабы негізінде жетілдіру – біздің алдымызда тұрған өзекті мәселелердің бірі.

Жұмыстық бағдарламада “Қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда заманауи жандасулар” модулі бойынша модулі бойынша республикамыздағы үздіксіз білім жүйесіндегі қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мазмұны, пәнді оқытудағы интербелсенді әдістер, жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен МБС көрсетілген тірек және пәнге тиісті компетенцияларға қойылатын талаптарды үйрену және оқу үдерісін жобалау бойынша білім, іскерлік және дағдыларды қалыптастыруды көздейді.

### **Модулдің мақсаты және міндеттері:**

**Модулінің мақсаты:** қайта даярлау және білімін жетілдіру курсы тыңдаушыларына республикамызда оқыту-тәрбие саласында амалға асырылған реформалар, білім беру жүйесінде қазақ тілі және әдебиетін тереңдетіп оқытудың мазмұны, мақсаты мен міндеттерін үйренуден тұрады

### **Модулдің міндеттері:**

- тыңдаушыларға білім беру жүйесінде қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытудың бағыттары үйрену;
- қазақ тілі және әдебиетін оқытуда компетенциялық жандасуды қолдану және оқытушылардың дайындық дәрежесіне қойылатын талаптарды күрделендіру;
- қазақ тілі және әдебиетін оқытуда шет елдің озат тәжірибелерін қолдану және қазақ тілі және әдебиетін оқыту сапасын арттыру, сондай-ақ интенсивті және экстенсивті әдістерді қолдану әдістемесін істеп шығуда үйрену;
- қазақ тілі және әдебиетін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану бойынша іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға бағыттаудан тұрады.

**Модул бойынша тыңдаушылардың білім, ептілік, дағды және компетенцияларына қойылатын талаптар.**

“Қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда заманауи жандасулар” модулін меңгеру үдерісінде:

**Тыңдаушы:**

- республикамызда оқыту-тәрбие саласында амалға асырылатын реформалар мазмұнын;
- қазақ тілі және әдебиеті пәні мазмұнында бірізділік және үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- қазақ тілі және әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері мен жаңа оқыту әдістері;
- үздіксіз оқыту басқыштары қазақ тілі және әдебиеті пәнін мемлекеттік білім стандарты талаптарын шет ел стандартына сәйкестендеру мәселелері;
- қазақ тілі және әдебиеті сапасын асыру жолдары және заманауи сабақ қалыптары;
- қазақ тілі және әдебиеті пәнінен студенттердің ауызша және жазбаша тіл дамыту компетенциялары дәрежесін бағалау мөлшері, әдістері және олардың оқыту нәтижелерін бағалаудың маңызы сияқты **білімдерге ие** болуы керек;
- қазақ тілі және әдебиеті пәніндегі инновациялық технологиялардан пайдалану;
- қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында заманауи оқыту қалыптары, интербелсенді әдістер және құралдардан пайдалану;
- қазақ тілі және әдебиетінен белгіленген мемлекеттік білім стандарттары талаптарын орындауда тиімді нәтижелерге қол жеткізу;
- қазақ тілі және әдебиетін оқытуда студенттердің ауызша және жазбаша тілін дамыту компетенцияларын қалыптастыру;
- қазақ тілі және әдебиеті пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру арқылы олардың өзіндік пікірлеуін дамыту **дағдысына ие болуы** керек;

- қазақ тілі және әдебиеті оқытушының педагогикалық қызметін жобалау;
- озат тәжірибелерді педагог-оқытушының іс-тәжірибелерін үйрену негізінде өзінің педагогикалық қызметі мен кәсіби сапасын дамыту;
- қазақ тілі және әдебиетін оқыту үдерісінде студенттердің білімін кредиттік оқыту жүйесі бойынша әділетті бағалау механизмдерін, тест тапсырмаларын, сондай-ақ шығармашылық тапсырмалар мен өзіндік жұмыстар кешенін істеп шығу сияқты **іскерлікке ие** болуы керек;
- қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқыту құралдары арқылы студенттердің ғылыми дүниетанымы мен шығармашылық ойлау қабілетін дамыту;
- қазақ тілі және әдебиеті пәні сабақтарында инновациялық технологиялардың сапалы әдістерін іздестіру және іс-жүзінде қолдану;
- сабақ процесінде студенттердің ауызша және жазбаша тілін дамыту компетенцияларын дамытуға қаратылған тиімді әдістер тізімінен мақсатты пайдалана алу **компетенцияларына ие болуы** керек.

### **Модулдің оқу жоспарында басқа модулдермен байланыстылығы мен үздіксіздігі**

“Қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда заманауи жандасулар” модулі бойынша жаттығулар оқу жоспарындағы “Оқу процесінде сандық технологиялардан пайдалану”, “Кәсіби компетенцияларды дамыту” сияқты модулдерімен үздіксіз байланыста алып барылады.

### **Модулдің жоғары оқу орындарындағы орны**

“Қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда заманауи жандасулар” модулі қазақ тілі және әдебиетін оқытуда инновациялық технологиялардан пайдалану жолдарын тереңдету, заманауи оқыту әдістерінен іс жүзінде қолдану, жетістіктері мен мүмкіндіктеріне сай мәселелерді бағалау бойынша кәсіби компетенцияға ие болады..

### **Модул бойынша ажратылған сағаттар жүктемесі**

№	Модул бойынша тақырыптар	Аудитория оқу жүктемесі		
		Жалпы	Теориялық жағтығу	Практикалық жағтығу
1.	<b>Қазақ тілін оқытудың мақсаты және міндеттері мен оқу-әдістемелік базасы және оқу процесіндегі проблемалар.</b>	4	2	2

2.	<b>Қазақ тілін оқытуда БЛУМ таксономиясын пайдаланудың жолдары.</b>	6	2	4
3.	<b>Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы.</b>	8	4	4
4.	<b>Әдебиет сабақтарында халықаралық бағалау жүйесі бағдарламасынан пайдалану.</b>	6	2	4
	<b>Жалпы:</b>	<b>24</b>	<b>10</b>	<b>14</b>

## **ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ**

### **1-тақырып: ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ МЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАЗАСЫ ЖӘНЕ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПРОБЛЕМАЛАР. (2 сағат.)**

Қазақ тілін оқытудың оқу-әдістемелік базасы және оның білім берудегі орны. Тілді оқыту әдістемесінің негізгі міндеттері: өз пікірін ауызша және жазбаша қалыпта нақты, әдеби тіл нормаларына сай түрде баяндау, сөзді мағынасына қарай түрлі мағыналарда қолдана алу іскерлігін меңгерген кадрларды даярлау екендігі. Бұл мәселедегі бар болған проблемалар. Қазақ тілі оқытуда тіл мүкіндіктерін пайдалана отырып, студенттерде өзіндік және шығармашылық ойлауды, ауызша және жазбаша сауаттылығын асыруға қаратылған оқу-тәрбие процесін дамытудағы орны.

### **2-тақырып: ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ. (2 сағат)**

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Мұғалімдер алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Жаңа технология әрбір мұғалімнен жаңа ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді. Соның бірі, әр сабақта студенттердің оқу жетістіктерін, шығармашылық қабілеттерін арттыруда Блум таксономиясын қолданудың тиімділігі.

### **3-тақырып: ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫ. (4 сағат)**

Әдебиетті оқыту әдістемесі кенже дамып келе жатқан ғылым саласы. Жоғары оқу орындарында әдебиетті оқыту әдістемесіне арналған оқулық, оқу құралдары болғанымен, білім беру жүйесіндегі қарышты даму үдерісіне икемді талпыныс жасау бағытында жаңа талап деңгейіндегі оқулықтар қажеттігі айқын. Бүгінгі күнде әдебиетті оқыту саласындағы

жаңа бағыттар мен оқыту саласындағы заманауи мақсат-мүдделерге негізделген.

#### **4-тақырып: ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ХАЛҚАРАЛЫҚ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ БАҒДАРЛАМАСЫНАН ПАЙДАЛАНУ. (2 сағат)**

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттыру. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін қалыптасқан құзыреттіліктерді анықтауда халықаралық зерттеу тапсырмаларының маңызы.

### **ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ**

#### **1-тақырып: ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ. (2 сағат)**

Қазақ тілі және әдебиетін оқытудың оқу-әдістемелік базасы және оның білім берудегі орны. Тіл жіне әдебиет әдістемесінің негізгі міндеттері: өз пікірін ауызша және жазбаша қалыпта нақты, әдеби тіл нормаларына сай түрде баяндау, сөзді мағынасына қарай түрлі мағыналарда қолдана алу іскерлігін меңгерген кадрларды даярлау екендігі.

#### **2-тақырып: ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫНЫҢ ОРНЫ. (4 сағат)**

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Мұғалімдер алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Жаңа технология әрбір мұғалімнен жаңа ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді. Соның бірі, әр сабақта студенттердің оқу жетістіктерін, шығармашылық қабілеттерін арттыруда Блум таксономиясын қолданудың тиімділігі.

#### **3-тақырып: ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫ. (4 сағат)**

Әдебиетті оқыту әдістемесі. Жоғары оқу орындарында әдебиетті оқытудың әдіс-тәсілдерін істеп шығу. Қазіргі таңдағы әдебиетті оқыту саласындағы жаңа бағыттар мен оқыту саласындағы заманауи технологияларды пайдалану жолдары.

#### **4-тақырып: ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ХАЛҚАРАЛЫҚ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ БАҒДАРЛАМАСЫНАН ПАЙДАЛАНУ. (4 сағат)**



Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттыру. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін қалыптасқан құзыреттіліктерді анықтауда халықаралық зерттеу тапсырмаларының маңызы.

### **ОҚЫТУ ҚАЛЫПТАРЫ**

Бұл модуль бойынша төмендегі оқыту қалыптарынан пайдалану:

- лекциялар, парктикалық жаттығулар, (ақпараттар мен технологияларды меңгеру, теориялық білімдерді бекіту);
- дөңгелек стол (берілген тапсырманың шешімі бойынша ұсыныстар беру қабілетін арттыру, тыңдау, сезіну және логикалық қорытынды шығару);
- пікірталас (берілген тапсырмалар бойынша анық фактілер мен нақты аргументтерді ұсыну, тыңдау және проблемалардың шешімін табу қабілеттерін дамыту).

## II. ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ МАТЕРИАЛДАРЫ

### 1-ТАҚЫРЫП: Қазақ тілін оқытудың мақсаты және міндеттері мен оқу-әдістемелік базасы және оқу процесіндегі проблемалар

#### Жоспар:

1. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – жеке ғылым саласы
2. Қазақ тілін оқытудың өзіндік ұстанымдары (принциптері)
3. «Қазақ тілі» пәні арқылы меңгертілетін құзыреттіліктер

**Тірек ұғымдар:** әдістеме, нысан, әдіс-тәсілдер, дидактика, теория, қазақ тілін оқыту мәселелері, зерттеу әдістері, репродуктивті әдіс.

#### Қазақ тілін оқыту әдістемесі және әдістемесінің мәселелері

Қазақ тілі әдістемесі - тарихи жағынан дамыған, жетілген, теориялық негізі қалыптасқан, белгілі бір ғылыми жүйеге келген ғылым. Қазақ тілін оқыту әдістемесі педагогика ғылымының бір саласы болып табылады. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтіні оның оқыту жолдары мен жағдайлары туралы заңдылықтар. Бұл заңдылықтар педагогика, психология және лингвистика ғылымдарының негізінде жинақталған практикалық тәжірибе мен бұрыннан қалыптасқан теориялық қағидалардан, тұжырымдардан шығарылады. Егер нақтылап айтсақ, оқыту әдістемесі мына мәселелерді зерттейді: 1) мақсаттары (не үшін оқыту керек?); 2) мазмұны (нені оқыту керек?); 3) ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?); 4) құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?); 5) оқыту кезінде оқушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштастық мәселелері. Бұл проблемаларды шешу мектепте тәрбие мен білім берудің жалпы мақсаттарын белгілейді.

**Қазақ тілі әдістемесінің мәселелері.** Зерттеудің теориялық әдістері. Ең алдымен назар зерттелетін құбылыстардың, процестердің заңдылықтарын жинақтауға, анықтауға, қалыптастыруға бағытталады. Соңғы жылдары оқыту әдістемесінде жүйелі құрылымдық әдіс қолдана бастады. Оның мәнісі - зерттеу өзара байланысты элементтерден құрылған біртұтас жүйелерінде қаралады, элементтер арасындағы өзара

байланыстылық пен қарым-қатынасқа басты назар аударылады. Осыған сәйкес оқыту әдістемесінде мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты анықтау қажеттілігі туады (яғни оқыту мен білім алу), оқытудың мақсаттарымен, мазмұнымен, әдістері, құралдарымен, оқушылардың білімді қабылдауы, дамуы және тәрбиелену арасындағы байланыстарды анықтау қажет болады. Оқытудағы жүйелі-құрылымдық әдіс сабақтың мақсатын анықтауды, осы мақсаттарға байланысты оқытудың мазмұнын, әдістері мен құралдарын сұрыптап ала білуді, сабақтың тиімділігін бағалауды көздейді. Жүйелілік әдіс мұғалімнің бағдарлама бойынша бірнеше сабақты жоспарлап, дайындалуына мүмкіндік береді, әр сабақтың өзіндік ерекшеліктері мен мақсаттары, мазмұны, оқыту әдістері жағынан, оқушылардың танымдық әрекетінің сипаты жағынан өзара байланыстылығы сақталады.

**Қазақ тілін оқытудың мақсаттары мен міндеттері.** Қазақ тілі оқыту мақсаттары үш топқа біріктіріледі.

1. Білім беру мақсаттары: оқушыларға ана тілі туралы ғылымның негіздерін беру; тілдің қоғам өміріндегі маңызын аша көрсетіп, оны меңгерудің өндірісте, қоғам өмірінде аса қажетті екендігін түсіндіру; оқушының ана тілінен жақсы білім алуына мүмкіндік туғызу; тілдің қатынас құралы екендігіне көздерін жеткізу; түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерін дамытып, онымен қаруландыру; оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастыру; өздігінен сөйлей, жаза білуге жол ашу.

2. Тәрбиелік мақсаттар: оқушылардың тілдік құбылысқа көзқа-расын қалыптастыру; тілдің адам қоғамымен бірге жасасып, өмір сүретінін, қоғам үшін қажетті қарым-қатынас құралы болатындығын түсіндіру; тілдің жан-жақты дамуына жасалып отырған жағдай қазақ тіліне мемлекеттік дәреже беру актісімен дәлелденіп, оқушылардың сенімін арттыру, көздерін жеткізу; оқушылардың салт-дәстүр сезімдерін қалыптастыру, қазақ тілі

сабақтарында еңбек тәрбиесін уағыздап, еңбек ардагерлері жайындағы мағлұматтар арқылы еңбекке баулу.

3. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту: ана тіліне деген қызығушылықты арттыру; оқушылардың байқағыштық, елес-болжамдық, ес, ойлау, сөйлеу қабілеттерінің дамуына жол ашу; оқушылардың тілдік проблеманы өздері шеше алатындай дәрежеде үйрету; тіл фактілеріне, құбылыстарына жан-жақты, жинақты түрде қарау қабілетін, өз бетімен тіл фактілерін талдау іскерлігін қалыптастыру.

**Қазақ тілі пәнінің міндеттері:** 1) Толық сауатты адамдар даярлау; 2) оқушылардың творчестволық күштерін, танымдық қабілетін, өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

**Қазақ тілі және пәнаралық байланыс.** Қазақ тілі мен басқа пәндер арасында, әсіресе, әдебиет, орыс және шетел тілі пәндерінің арасында, сондай-ақ тарих, география т.б. пәндері арасында тығыз байланыс болады. Бұл байланыс көбінесе тіл ұстарту мақсатында жұмсалады. Өйткені бағдарламада тіл ұстарту жұмысы тіл мен әдебиет пәндеріне ортақ. Бұл ортақтық мектепте бүкіл оқу мерзімі уақытында тіл ұстарту жұмысының жүйесін жасауға, оқушылардың сөздік қорын байытуға, олардың сөйлеуіндегі қателерді түзетуге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мәнерлеп оқу кезінде оқушылар жіберген қателерді үнемі түзетіп отыруға (дауыс ырғағын дұрыс қоя білу т. б.) жол ашылады.

### **Қазақ тілін оқытудың өзіндік ұстанымдары (принциптері)**

Қазақ тілін оқыту методикасы мен методикалық принциптері педагогика ғылымының оқу-тәрбие беру жөніндегі барлық теорияларына, оның дидактика бөліміне негізделеді. Өйткені дидактика - барлық ғылымды оқыту жөніндегі әдістер жайлы теорияның жиынтығы немесе педагогикалық ғылымның оқыту әдістері жөніндегі саласы.

Сондықтан дидактикалық принциптер әр пәнді оқыту методикасының, оның ішінде ана тілін оқыту методикасының теориялық негізі болып есептеледі.

**Қағида немесе принцип** (лат. *principium* – принцип; негіз, алғы бастама) – белгілі білім жүйесінің түп-негізі, алғы бастамасы, абстрактылы түрдегі ең қысқа жалпылама мазмұны. Ғылыми танымда идея, теория, әдіс сияқты таным түрлерімен өзара байланыста тұжырымдалады.

Дидактикалық принципті алғашқы зерттегендер: чехтың ұлы педагогы Я.А.Коменскийден басталса, орыс педагогы К.Д.Ушинский, қазақ халқында Ы.Алтынсарин құнды пікір айтты. Одақ кеңес кезінде педагог ғалымдар әр түрлі принциптерді ұсынады. Мысалы, Н.А.Сорокин оқыту принциптерінің 8 түрін тұжырымдар көрсетсе, М.А.Данилов (Дидактика средней школы, 1975) 7 түріне, Т.А.Ильина (Педагогика) 7 түріне, Ю.К.Бабанский (Педагогика, 1977) оқыту принциптерінің 13 түріне тоқталады. Бұл салыстырулардан байқайтынымыз - өмір талабына сәйкес өзгеріп отыратын, зерттеуді қажет ете беретін ғылым.

Қазақ балаларын оқытуда Ы.Алтынсарин өте жоғары талап қоя білген: «... әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру, өз оқулығында («Қырғыз хрестоматиясы») тақырыптарға сәйкес суреттеу, сурет арқылы беру сияқты, көркем жазуды, әріптердің формасын дұрыс түсінуге, дағдыландыруды үйрету ...шәкірттердің барлық сезім мүшелерінің - көз, қол, есту қабілетін, тілді, зейінді дағдыландыру, баланың барлық қабілеттерін жаттықтыру арқылы және оған өз бетімен жұмыс істеу керек» - деген әдістемелік нұсқау қалдырды. Ы.Алтынсарин оқыту принциптеріне: түсініктілік, көрнекілік, жаттығу, өз бетінше оқыту – саналылық принципін ұсынған.

Қазіргі заман талабына сай **қазақ тілін оқыту принциптерін 7 топқа бөлеміз:**

### **1. Оқытудың ғылыми принципі:**

Бұл принцип бойынша қазақ тілі пәнінің программалары мен оқулықтары осы принципті басшылыққа алып жасалады. Тек ғылымға сүйенген пән ғана жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуге көмектеседі. Сондықтан мұғалім оқытудың ғылыми принципін терең білумен бірге,оны

оқу тәрбие ісінде дұрыс пайдалануы да қажет. Сонда ғана ана тілінің заңдылығы мен теориясын ережесін, анықтамасын қатесіз, оны лингвистика ғылымына байланыстыра отырып түсіндіруге, теориялық материалдарды үнемі практикалық жаттығу, мысалдар арқылы дәлелдеп отыруға болады.

## **2. Оқытудың шамаға лайық жүйелілік принципі**

Оқытудың жүйелілік принципі - оқу материалдарының (әр пән бойынша) логикалық жағынан бірізбен сатылай құрылу, берілу тәртібін оқытудың жүйелілік принципі дейміз. Яғни оқытудудағы берік жүйелілік пен бірізділік – ғылыми білім берудің негізі. Мысалы қазақ тілінен жай сөйлемдердің ережелерін жете меңгермейінше, құрмалас сөйлемдер түрлерінің (салалас, сабақтас, оның ішінде басыңқы, бағыныңқы сөйлемдердің) жасалу жолдарын білу қиын.

Бұл принцип бойынша бұрын өтілген тілдік материалдарды оқушы әбден меңгергеннен кейін ғана жаңа материал таныстырылады. Демек, оқу материалдарының логикалық ішкі заңдылықтарын жүйелі оқып үйренген жағдайда ғана оның ғылыми негіздерін шын мағынасында меңгеруге болады. Қазақ тілі программасы жүйелілік принципі негізінде құрастырылады.

Программадағы бұрын берілген материал мен келесі материалдың сабақтас болуын байланыстырып отыру көзделеді.

## **3. Оқытудың саналылық принципі.**

Оқытудың саналылық принципі – үйретілген материалды оқушылардың құрғақ жаттамай, толық түсініп, саналы меңгеруі. Оқу материалдарын саналы түсіну үшін оқушылардың оқуға деген белсенділігі, ынтасы арттырылады, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білуге үйретіледі, материалды өз бетінше түсініп, өз сөздерімен айтуға дағдыландырылады. Түрлі творчестволық жұмыстарды өздігінен орындауға бейімделеді. Сонымен бірге ережелер мен анықтамаларды саналы түсінуі үшін, оқушылар тіл фактілерін дұрыс ажырата білуге тиіс.

Мысалы, оқушылар фонетикадан дыбысты алмастырып айту, жазу ( *ң – н, т – д, ы – і* т.б.). Жалғау мен жұрнақты ажырата алмау, буынға дұрыс бөлмеу, дұрыс тасымалдай алмау, ережелерді ажырата алмаудан қате жіберу жиі кездеседі.

#### **4. Оқытудың материалды дұрыс орналастыру принципі.**

Оқытудың материалды дұрыс орналастыру принципі – оқу материалдарының дұрыс бір-бірімен сабақтаса орналасуы, берілуі үйретілетін материалды оқушының тиянақты, жүйелі, бірізділікпен қабылдауына мүмкіншіліктер жасайды. Мысалы, сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінен кейін сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері, зат есімнен кейін сын есім, сан есімнен кейін есімдік, етістік, көсемше туралы түсінік беріледі. Мұны біз оқытудың дұрыс орналастыру принципі дейміз.

#### **5. Оқытудың алдын-ала болжау принципі.**

Оқытудың алдын-ала болжау принципі – үйретіліп отырған материалдың келесі сабақтардағы материалды меңгерудегі тиімділігін алдын ала болжау, соны ескере келіп дамыту.

Мысалы, бастауыш кластарда өтілетін тыныс белгілерінің ережелері 7 – 8-кластарда жүйелі қайталанады, еске түсіріледі.

**6. Оқытудың берік, тиянақты болу принципі.** Оқытудың берік, тиянақты болу принципі – оқушылардың өрелі ой-санасын ғылыми негізде дамыту үшін, олардың меңгерген білім дағдылары тиянақты, берік меңгерудің маңызы зор. Оқылған материалды жан-жақты меңгерту, есінде берік сақтату, құрғақ жаттауға жол бермеу, білгенді ұмытпау үшін қайталау, білімін бағалап отыру сияқты жұмыстарды жүргізу қажет.

Білімнің беріктік, тиянақтылық принципін жүзеге асыруда жаттығу жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру да шешуші роль атқарады. Түрлі жаттығу жұмыстары оқушының іскерлігі мен дағдысын жетілдіре түседі.

**7. Оқытудың теория және практика, өмірмен байланыстыру принципі.** Оқытудың теория және практика, өмірмен байланыстыру принципі арқылы оқушылардың мектептегі оқу-тәрбие процесінде алған

теориялық білімдерін өндірісте, іс жүзінде қолдана білуге дағдыландырады. Мысалы, мұғалім түрлі тіл дамыту, тіл ұстарту жұмыстарын жүргізу арқылы дұрыс сөйлей білуге, қатесіз жаза білуге үйретеді, конференцияларда оқушыларға сөйлеуге, баяндама жасауға, мақала жазуға дағды береді. Мұндай дағды ұзақ, жүйелі жүргізілген жұмыстар арқылы іске асады.

**8. Оқытудың көрнекілік принципі.** Оқытудың көрнекілік принципі де басты роль атқарады. Көрнекілік принципі жөнінде К.Д.Ушинский былай деген еді. «Көрнекі оқытудағы басты мақсат оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру және өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, сондай-ақ одан логикалық қорытынды шығаруға үйрету болып табылады».

#### **«Қазақ тілі» пәні арқылы меңгертілетін құзыреттіліктер**

Бүгінгі білім берудің басты нысаны әлемдік білім кеңістігіне кіру. Алғы шарт бүгінгі қоғамға лайықты білікті де білгір азамат тәрбиелеу. Мұндай тұлға өз ұлтының және өзге ұлт өкілдерінің мәдени құндылықтарын қастерлейтін, саналы деңгейде пікірлесе алатын дәрежеде болуы керек.

Құзыреттілік – адамның әрекетке, оның пәніне деген жеке қатынасын қамтитын сәйкес құрауыштарды меңгеруі. «Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» -қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) –оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Тілдік, лингвистикалық құзыреттілік: сөздерді фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларға сай қолдана білуі, сөздің дұрыс айтылу, жазылу ережелерін білуі;мәтін түрлерін құрастыра білу дағдылары қалыптастырылады.

Тұлғаның біліктілігін арттыру қазіргі оқыту үрдісі мазмұнының басты нысанасы. Түрлі пәндер бойынша берілетін білім мазмұнының меңгерілуі,



сол білімді пайдалану арқылы оқушының өмірлік дағдысы мен іскерлігі өлшенеді, ендігі жерде білімнің сапасы нәтижеге бағытталады. Іскерлік қатынасты көтеру мақсат етіледі. Осыдан қазіргі білім беру жүйесіндегі құзыреттілік (біліктілік) ұғымы туындайды.

Нәтижеге бағытталған білімді пәндік құзыреттілік тұрғысынан зерделесек, біз адамға тыңдау, түсіну, ойлау, пайымдау, тұжырымдау, пікірлесу сияқты тілдік коммуникативтік біліктіліктерді оқушының өмірлік қажеттілігіне айналдыруы үшін әдебиеттің маңызы зор екеніне көз жеткіземіз. Әдеби білім алған білім алушы қазақ тілін пән ретінде ғана біліп қоймайды, сол пәндік білім негізінде болмысты танып біледі, одан ақпараттық мағлұматтар алады, эмоциялық құндылық болып табылатын адами қасиеттерді бойына сіңіре отырып, мәдениетті, салауатты қарым-қатынасқа түседі, әдебиеттің жетекші қызметінің жүзеге асырылуына жол ашады. Бұл ретте көркем шығарманы дүниетанымдық, әлеуметтік, тәрбиелік бірлікте қарастырудың мәні артады, әдебиетті ұлттық құндылық ретінде оқыту қажеттілігі туындайды.

Сөз өнерінің негізінде оқушының дербес шығармалық қабілетін, ұшқыр, шешен сөйлеу шеберлігін дамыту үшін әдеби білім мазмұны көркемдік сипатқа құрылып, оқушы біліктілігін арттыруға негіз болады, сол себепті нәтижеге бағытталған білім моделі бойынша әр пәннен берілетін білім мазмұны мектептің барлық сатыларында нақты көрініс тауып, оқушылардың білімдік құзыреттілікті меңгеруін қадағалайды. Құзыреттілік ұғымы – оқушының белгілі бір кешенді іс-әрекетті орындай алу қабілетін жетілдіруге бағыттала отырып, оқыту жүйесіне қызмет етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында бала бойында жалпы білім дағдысы мен білігін қалыптастыру мәселесі қаралады. Жалпы оқудың білігі мен дағдысын жан-жақты қалыптастырудың маңызы зор екені белгілі. Оқушы бойында білім негіздерін қалыптастыру үшін оның біліктілігін, дағдысын тұрақтандырып, белгілі арнаға түсірмейінше, нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.

Оқушы белгілі мәліметті қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге терең ой иесі. Ол дербес ойланып, дәлелдер келтіруіне сабақ барысында түрлі әдістер арқылы қолайлы жағдай жасауға тырысамын. Айталық, «Атаулар көмегімен болжау жасау», «Елеспен жетелеу», стратегиялары оқушының шығармашылық қабілетін ұштауға өте тиімді. «Ой қозғау», «Болжау» әдістерін оқушының ой ұшқырлығын бақылауда, стандартты емес шешім жасауда тиімді пайдалану жөн. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазіргі оқушыларды кең ауқымды көркем әдебиетті қазақ тілінде оқытуға баулу оңай іс емес. Бұл жолдағы қиындықты шешуге «ЖИГСО» әдісі көп көмегін тигізеді. Оқушы өзіне жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен карап, басқа топ мүшелеріне түсіндіру үшін сурет те салады, сахналық көрініс те қояды, сабақтың осы кезеңі оқушыларды бей-жай қалдырмайды.

Оқушылардың ойлау деңгейіне сай әр сабақта сұрақ қою үшін Б.Блумның сұрақ қою өлшемін пайдаланамын. Сұрақтар қарапайымнан терең ойлауға дейін жалғасады. Мұндағы мақсат – оқушы ойын ең төменгі деңгейден терең ойлауға дейін жеткізу.Топтық тапсырмалар сыныпта ынтымақтастықты қарым-қатынас орнатуға, шығармашылықпен жұмыс жасауға, тақырыпты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік туғызады.

Сабақта интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жеткен нәтижелерім мынадай: оқушының білім деңгейі түсінуден басталады да алған білімін қолданып, қорытындылауға дейін жоғарылайды. Қабылдаған жаңа ақпаратты саралап, мәселені өзі шеше алуға мүмкіндік болады.

1.Сұрақ қоюшылар.Б.Блумның сұрақ қою өлшемі бойынша қарапайым сұрақтан шығармашылық сұрақтарға дейін қамтылады. Сұрақтар қою арқылы оқушы өз бетімен шығармашылық қабілетін дамытады.

2.Сөз тапқыштар. Қойылған сұрақтарға нақты, дәлелді жауап беру үшін өз бетінше ізденеді, дағыдыланады.

3.Аудармашылар. Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасайды, тұрақты тіркестерді анықтап жазады.

4.Жазушылар. Поэзиялық шығарма болған жағдайда прозаға айналдырып жазады, мәтін бойынша жоспар құрады.

5.Суретшілер. Мәтін кейіпкерлерінен, белгілі бір эпизодтарынан сурет салады.

6.Кейіпкерлерді сөзбен суреттеушілер. Кейіпкердің, оқиғаның, мәселенің суретін сөзбен салады.

Қазақ тілі сабағында оқушының құзыреттілігін қалыптастырудың түрлері:

1. Тілдік құзыреттілік
2. Кәсіби құзыреттілік
3. Проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі
4. Ақпараттық құзыреттілік
5. Қатысымдық құзыреттілік
6. Танымдық құзыреттілік
7. Әлеуметтік- тұлғалық құзыреттілік

1.Қатысымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

- Отбасы тақырыбында жазылған шығарма беріледі. Берілген шығармадан қазақ халқына тән туыстық қарым-қатынастағы ерекшеліктерді сипаттаңыз;

- Жақын арада сіз оқыған шығармаңыздан өзіңізге қатарлас баланың сол шығарманың басты кейіпкері болғанын білдіңіз. Оның сізден немесе сыныптас достарыңыздан қандай айырмашылығы бар немесе қандай ұқсас жақтары бар. Соны сараптап айтып беріңіз.

2. Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі бойынша тапсырмалар:

- Көркем шығармаларды оқу барысында кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне өз бағаңызды беріңіз;

- Экология тақырыбында берілген шығармалар бойынша оқушының өз ойын тыңдай отырып, « Қазіргі экологиялық мәселелерді қалай шешуге болады?» деген тақырыпта сұхбат жүргізіңіз;

- Топтық жұмыс. Әр топ өзіне ұнаған кейіпкерінің отбасына, Отанына әкелетін жақсылықтары мен зияндықтарын атап, оларға сипаттама береді. Зияндықтарды болдырмаудың себептерін анықтаңыз және т.б;

3. Ақпараттық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

- Шығарманы оқып шығып, жалпы идеясын анықтаңыз;
- Берілген шығарма бойынша жоспар ( жай, күрделі) құрыңыз;
- Баспасөз беттерінен осы автор туралы мәлімет жинаңыз.
- Сол автордың шығармашылығы бойынша тезис дайындаңыз;
- Көркем шығармада берілген аймақты сипаттаңыз;

Оқушыны іздендіру үшін сұрақ қоя білуге үйрету арқылы оның саналы ойлауы, жан-жақтылығы, білімі мен біліктілігі қалыптасады. Сонымен қатар, жоспарлы түрде жұмыс істеуге машықтану үшін мәтін бойынша жоспар құру әдетін қолдануға болады. Нәтижесінде оқушы мәтін бөлімдеріне қысқаша тұжырымдама жасап, әрбір оқиғаға ат қойып, өзіндік іздену мен білім дағдысын берік қалыптастырады. Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасау, поэзиялық шығармаларды прозаға айналдыру тәсілдері де оқушының жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді. Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетін құзыреттілік тұрғысынан оқыту мәселесін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігіне талқылап, оқу-тәрбие процессі барысында басшылыққа алып, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызды зор.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қазақ тілін оқытудың қандай әдістері бар?
2. Қазақ тілі оқытудың мақсаты мен міндеттері нелерден тұрады.
3. Қазақ тілін оқытудың негізгі әдістемелік ұстанымдары деген не?
4. Ғылыми, жүйелі, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру, түсінуге жеңіл қолайлылық, оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымдарына сипаттама беріңіз

5. Проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі деген не?
6. Ақпараттық құзыреттілік деген не?
7. Қатысымдық құзыреттілік деген не?
8. Танымдық құзыреттілік деген не?

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. А., 2001.
2. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 2005.
3. Бітібаева Қ., Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Рауан. 1997.
4. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Санат, 2007.

**Тест сұрақтары:**

<b>№</b>	<b>Тест тапсырмасы</b>	<b>Дұрыс жауап</b>	<b>Альтернатив жауап</b>	<b>Альтернатив жауап</b>	<b>Альтернатив жауап</b>
<b>1</b>	Өзбекстан Республикасын дамытудың бес үстем бағыты бойынша «Әрекеттер стратегиясында» білім беру системасын одан ары дамыту көзде тұтылған. Осыған сәйкес уәзірлер мекемесінің нешенші санды қаулысымен мемлекеттік білім стандарты қабылданды?	*Уәзірлер мекемесінің 2017 жыл, 6 апрелдегі 187-санды қаулысы	Уәзірлер мекемесінің 2017 жыл, 8 апрелдегі 187-санды қаулысы	Уәзірлер мекемесінің 2017 жыл, 6 апрелдегі 188-санды қаулысы	Уәзірлер мекемесінің 2017 жыл, 10 апрелдегі 187-санды қаулысы
<b>2</b>	Жаңадан қабылданған мемлекеттік білім стандартында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай түрде неше компетенция көрсетілген?	*6	5	4	8

3	Білім беру процесінің тиімділігін арттыру мақсатын көздейтін және оқытудың көзделген мақсаттарына жетуге кепілдік беретін педагогиканың бағыты:	*Педагогикалық технология	Жалпы методика	Метатехнология	Метадология
4	Теориялық әдістер нені үйретеді?	*тілдік материалдардың негіздері мен заңдылықтары, анықтамалары мен ережелерін меңгертеді	білім мен дағды беру тәсілдерін меңгертеді	жеке білім беру құралдарын меңгертеді.	сұрақ-жауап арқылы жүргізілетін білім беру құралы меңгертеді.
5	Белгі тізімнің ішкі құрылысын өзгертуге қаратылған қызмет қандай аталады?	*инновация	новация	гравитация	градация
6	Интерактивті оқыту әдістері - .....	*Оқыту процесі барлық оқушылардың тұрақты белсенді өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады.	өзбетінше ойлау қабілетін және шешім қабылдау дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беретін мәселелі сипаттағы сұрақтарды топпен талдау.	студентте топта жұмыс істеу дағдысын дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың топтық әдісі	студенттердің таным іс-әрекетін барынша дамыту, яғни олардың ой-өрісін дамыту, өз бетімен жана білімді іздеп табуға және оны еркін игеруге үйрету.

7	Қазақ тілінен білім беру әдістері дидактикалық жұмыстар мақсатына қарай қалай классификация жасалады?	*теориялық, практикалық, көрнекілік	мазмұн, аумақ, көлем	методикаға кіріспе, методика тарихы	жалпы методика, жеке методика
8	Үйретілген материалдың және келесі сабақтағы материалдың тиімділігін көздейтін принцип қайсы ?	*материалды дұрыс орналастыру принципі	теория және практика, өмірмен байланыстыру принципі	оқытудың беріктігінің болу принципі	саналылық принципі
9	Морфологиялық талдау әдісі өзінің ішкі мазмұнына қарай қалай жіктеледі?	*сөз тұлғалары бойынша, сөз таптары бойынша талдау	лексика, грамматика бойынша талданады	синтаксистік таблица	синтаксис, грамматика бойынша талдау
10	Мектеп жұмысын жоспарлау қандай принциптерге негізделеді?	*комплекстік, ғылымилық, перспективалық;	саналық пен белсенділік принципі;	ғылымилық, көрнекілік, саналық;	болашаққа сену, мақсатқа бағыттау принципі;

## **2-ТАҚЫРЫП: Қазақ тілін оқытуда БЛУМ таксономиясын пайдаланудың жолдары.**

### **Жоспар:**

1. БЛУМ таксономиясы туралы түсінік
2. Бенджамин Блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмалар үлгісінің мазмұны

**Тірек ұғымдар:** Блум таксономиясы, таксономия, оқыту әдістемесі, таным мен ойлау, синтез.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Мұғалімдер алдында оқыту мен

тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Жаңа технология әрбір мұғалімнен жаңа ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді. Соның бірі, әр сабақта оқушылардың оқу жетістіктерін, шығармашылық қабілеттерін арттыруда блум таксономиясын қолдану тиімді деп ойлаймын.

Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі, блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан.

Таксономия - белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады.

Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымынан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді.

**1. Білу Таным мен ойлау деңгейі – төмен деңгей.** Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді

**2. Түсіну Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.** Оқу материалын түсінгендіктің ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады:

Трансляция-оқу материалын бір тілден екінші тілге ауыстыру (мысалы: математикалық формуланы сөзбен айтып беру; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету);

Интерпретация – оқу материалын өз сөзімен түсіндіру, қысқаша баяндау;

Жорамалдау – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау айту.



### **3. Қолдану Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.**

Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды мегзейді. Ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, қағидаларды, теорияларды практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

### **4.Талдау Таным мен ойлау деңгейі - жоғары деңгей.**

Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу:

- бүтіннің бөлшектерін ажырату;

- оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құрылатындығын көрсетеді.

### **5. Синтез (жинақтау, жүйелеу) Таным мен ойлау деңгейі - жоғары деңгей.**

Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама) жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

**6. Бағалау Таным мен ойлау деңгейі-жоғары деңгей.** Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуді мегзейді.

## **Блум таксономиясы бойынша категориялар мазмұны, сұрақтар мен тапсырмалар үлгісі**

### **I. Білу.**

Таным мен ойлау деңгейі – төмен деңгей.

Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.

**Білім алушы:**

Қолданылған терминдерді біледі (есте сақтайды және қайталайды);

Нақты фактілерді біледі;

Жұмыстың орындалу ретін біледі,

Негізгі ұғымдарды біледі;

Ережелерді, қағидаларды біледі.

### **Тапсырмалар түрі:**

Не? Қашан? Қандай? Қайда? Формуласын жазу, атап көрсету, жабық тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді қою; жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту.

### **II. Түсіну.**

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Оқу материалын түсінгендіктің ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады:

**Трансляция** – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру мысалы, математикалық формуланы сөзбен айтып беру; сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.);

**Интерпретация** – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау;

**Жорамалдау** – оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы

болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.

### **Білім алушы:**

Фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді;

Сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді;

Сөзбен келтірілген материалды математикалық ұғымдарға өзгертеді;

Берілген ақпарат бойынша болашақта туындалуы ықтимал салдарын сипаттайды.

### **Тапсырмалар түрі:**

Қалай? Неліктен? Сөйлемді аяқтаңыз; сөйлемді өзгертіңіз; өзара байланысын түсіндіріңіз; айырмашылығын көрсетіңіз; өз сөзіңізбен айтыңыз;

графикті, суретті түсіндіріп беріңіз.

### **III. Қолдану.**

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіне деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

#### **Білім алушы:**

Ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады;

Заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады;

Әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолданатындығын көрсетеді.

Тапсырмалар түрі:

Жасап көр; таблица, график жаса; қолдану мақсатын түсіндір; есепті бірнеше тәсілмен шеш, берілген гипотезаны тексер.

### **IV. Талдау.**

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді.

#### **Білім алушы:**

Жасырын (көзге көрінбейтін) жәйттерді ашады;

Ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды,

Фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады;

Ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды.

Тапсырмалар түрі:

Құрылымы қандай? Салдары неде? Топтастырыңыз; салыстырыңыз; себебін талдаңыз.

#### **V. Жинақтау.**

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

#### **Білім алушы:**

Шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазады;

Тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады;

Қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады.

Тапсырмалар түрі:

Өз шешіміңізді табыңыз, алгоритм құрастырыңыз, баламасын табыңыз,

бөліктерден құраңыз, жүйелестіріңіз, зерттеңіз.

#### **VI. Бағалау.**

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын

білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.

#### **Білім алушы:**

Оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды;

Ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындатады;

Жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды.

**Бенджамин Блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмалар үлгісінің мазмұны.**

**Білу түрінің мазмұны:**

Мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді:

жабық тест тапсырмалары;

қалдырып кеткен белгілерді қою;

жатқа айту;

анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту.

**Түсіну түрінің мазмұны:**

мәліметтерді басқа таныс жүйеге ауыстыру, оларды түрлендіру;

есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындау.

ұқсастықтарды анықтау;

айырмашылық жасау мен салыстыру, нәтижені суреттеу.

«Түсіну» ұғымын төрт топқа бөлуге болады:

**Түсіндірме (интерпретация) - негізгі идеяларды және олардың өзара байланыстарын анықтау:**

”Қалай? Неліктен?” сұрақтарына жауап іздену;

”Салыстырыңыздар”,

”Айырмашылығын көрсетіңіздер” тапсырмаларын орындау.

1. Аударма (трансформация) - мағынасын сақтай отырып, идеяларды таныс жүйеге, формаға ауыстыру: формуланы сөзбен айтып беру; графикті оқып беру; суретті түсіндіру; мәліметті өз сөзімен мазмұндау.

3. Мысалдар - мәліметті, ойды дұрыс түсінгендікті көрсетеді.

4. Анықтамалар:

атау немесе түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу;

таныс және түсінікті сөздермен анықтамаларды тұжырымдау (анықтамалар жаттанды немесе оқулықта келтірілгендерді қайталамауы керек).

#### **Қолдану түрінің мазмұны:**

1. Белгілі бір проблеманы шешу үшін мәліметті қолдану немесе іске асыру;
2. Білім алушы мұғалімнің көмегінсіз таныс емес проблеманы өзінше шешуі керек;
3. Ұстаз тек шешімге емес, шешу процесінің құралуына да назар салуы керек, өйткені шешу жолы шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін.

#### **Талдау (анализ) түрінің мазмұны:**

Зерттеу нысанының құрылымын анықтау мақсатымен оны құрамдас бөліктерге жіктеу;

Білім алушы әртүрлі бөліктердің қалайша жұмыс істейтіндігін және нәтижеге қалай жеткізетіндігін анықтайды, түсіндіреді.

Түсінуден талдау мәліметті терең өңдеумен, игерумен ерекшеленеді.

#### **Талдаудың түрлері:**

1. Негізін тану;
2. Астарлы мағынаны ажырату;
3. Қозғаушы күшті (мотивацияны) анықтау.

**1. Негізін тану** – құрамдас бөліктерге жіктеу (мәліметтің негізгі түсініктері арасындағы қатынастарды көрсету үшін оқушылар/ студенттер оның шеңберінен шығуы керек), айтылған ойды дамыту.

**2. Астарлы мағынаны ажырату** – екі тұжырымның қатынасын көрсетуді талап етеді (тура көрсетілмеген шешімдер, ассоциациялар, себеп-салдар келтірілуі мүмкін).

**3. Мотивация** – себептерді айқындау. Оқушы /студент тура және жасырын (астарлы) мағына мен әрекеттерді танып, өз ойларын дәлелдер арқылы қорғауы керек.

#### **Синтез түрінің мазмұны:**

жаңа мазмұн тудыру мақсатымен элементтерді шығармашылықпен біріктіру;

болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, өз тәжірибесі негізінде жаңа модель (құрылым) құрастыру.

**Жұмыс және нәтиже түрлері:**

шығармашылық жанрлар.

жоспар құрастыру немесе тәжірибе қою, өткізу.

абстрактылы ұғымдармен негізделетін нәтижелер.

**Бағалау түрінің мазмұны:**

Даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны дәлелдейді;

Білім алушылар өз ойларын, идеяларын, пайымдауларын мазмұндап, оларды негіздейді;

Білім алушылар өз позицияларын нақтылық, логикалық жүйелілік, дәйектілікке негіздеуі қажет.

**Оқушыларға (үйренушілерге) берілетін тапсырмалар мазмұны**

**Білу:**

Анықтау, қайталау, белгілеу, санап шығу, еске түсіру, атау, назар аудару, жаттау.

**Түсіну:**

Аудару, сөзбен қайта құрастыру, сипаттау, анықтау, түсіндіру, жеткізу, ерекшелігін анықтау, өз орнына қою, әңгімелеп беру, мәлімдеп беру, салыстыру, айырмашылығын көрсету, ұқсастықтарын келтіру, графикті оқып беру, суретті түсіндіру, өз сөзімен айту, анықтаманы тұжырымдау

**Жинақтау (синтез):**

Құрастыру, жоспарлау, ұсыну, жасау, сөзбен құрастыру, құрастыру/ретімен қою, жинақтау, шығармашылықпен орындау, ұйымдастыру, дайындау, жасап беру.

**Бағалау:**

Тиянақтау, салмақтау, бағалау, рейтингілеу, салыстыру, қайта қарастыру, рет-ретімен қою, сұрыптау, таңдау, өлшеу, жазу, жақтап не жоққа шығаратын дәлелдер келтіру.

**Таным мен ойлау деңгейі бойынша:**

білу шкаласын «төменгі» деп бағаланады;

түсіну мен қолдану шкаласын «орта» деп бағалаймыз;

**Талдау (анализ), синтез және бағалау** шкалаларын «жоғарғы» деп бағаланады.

**Оқушыларға (үйренушілерге) қойылатын сұрақтар (мысалдар):**

**Білу :**

Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерін ата?

Бастауыш және баяндауыштың сұрақтары қандай?

Сапалық сан есімнің жасалу жолдарын ата?

Құрмалас сөйлем дегеніміз не?

**Түсіну:**

**1. Түсіндірме:**

Абай шығармашылындағы қара сөздердің өлеңдерінен айырмашылық қандай?

Шәкәрімнің «Еңлік - Кебек» поэмасының ерекшелігі?

**2. Аударма:**

Түсінгеніңізді өз сөзіңізбен айтып беріңіз;

Зерттеуіңізді кесте жүзінде көрсетіп, қысқаша мазмұндап беріңіз;

Шығарманың сюжетін өз сөзіңізбен әңгімелеп беріңіз.

**3.Мысалдар:**

Тақырып (анықтама) бойынша мысал келтіріңіздер.

**4.Анықтамалар:**

8 сынып оқушысына түсінікті болатындай етіп проблеманың анықтамасын беріңіз;

Осы атауды өз сөзіңізбен түсіндіріп беріңіз.

**Қолдану:**



Білім алушыларға метафора мен теңеу туралы түсінік бар (Білім), олардың айырмашылығы да белгілі (Түсіну), енді олар Шәкәрімнің “Еңлік – Кебек ” поэмасындағы метафора мен теңеу қандай бейнелерді құрастыратындығын айтып беруі керек.

“Қалай қолдануға болады? Жасап көр. Не білгің келеді? Кесте , график жаса” тапсырмаларына сәйкес.

### **Талдау (анализ):**

#### **1. Негізін тану:**

Поэmanın бөлімдерінің өзара айырмашылықтарын келтіріңіз; теореманың екі бөлігін салыстырыңыз.

#### **2. Астарлы мағына:**

Зейнетақы реформасының мәні қандай?

“Ер туған жеріне, ит тойған жеріне” деген мақалды қалай түсінесіз?

#### **3. Мотивация:**

Құндылық дегенді қалай түсінесің?

Сен үшін не құнды?

### **Синтез:**

1. Шығармашылық жанрлар - эссе, шығарма, өлең, шешендік (ораторлық) сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама жазу.

2. Мәлімет бойынша барлық білімді тиянақтап, оны бір жүйеге келтіріп, жоспар немесе кесте құру (Тәжірибені жоспарлап, нәтижесін бақылау).

3. Ғылыми гипотеза (болжау) құрастырып, ұсыну.

### **Бағалау:**

«Сіздің ойыңызша бұл дұрыс /бұрыс, маңызды ма/ емес пе, жақтайсыз ба/ қарсысыз ба?» деген пікірталас, полемика мен дау-дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асырылады.

### **Қазақ тілі мен әдебиеті пәндер бойынша тапсырма түрлері**

#### **I. Білу.**

1. Зат есімге анықтама беріңіз.

2. Әрекет мәні әңгіменің қай жерінде айқындалады?
3. Тіршілік иелерін қандай екі категорияға жіктеуге болады?
4.  $(9-177)/21+8$  өрнегінің мәнін табыңыз.
5. Өзбекстан Республикасы парламентінің негізгі палаталарын атаңыз.

## **II. Түсіну.**

1. Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырып жаз.

1. Сөз өнеріне ...
2. Бір нәрсе турасындағы ...
3. Шығарма дегеніміз – ...
4. Сөз шығару ...

## **2. Түсіну:**

**Сурет бойынша пікір алмасындар. Өз ойларыңды дәлелді пікірмен қорғаңдар.**

**Д. Қасымов. «Күлтегін».**

## **3. Қолдану:**

### **Сұрақтарға жауап жаз.**

1. Түркі халықтарының әлемге танымал ойшылдары туралы не білесің?
2. Ұлы ойшылдардың қандай еңбектерін білесің?
3. Тарих қойнауындағы құпия деректер қызықтыра ма?
4. Тарих қойнауындағы деректер еліңнің ертеңі жайлы сыр шерте ме?

## **4. Жүйелеу (Талдау):**

Өз қалаңдағы немесе ауылыңдағы мәдени ескерткіштер туралы шағын мәтін құрастыр және мәтіннің орфографиялық нормаға сай жазылғанын дәлелде.

## **5. Жинақтау (синтез):**

1. Құндылықтарды қалай бөлуге болады?
2. Мәдениетті неліктен «құндылық» дейді?
3. Рухани құндылықтар туралы не білесің?
4. Материалдық құндылықтар деп нені айтамыз?

## 6.Салыстырмалы бағалау:

Сабақтан алған әсерінді қорытындылап, кестені толтыру.

- 1.Поэманың екі басты кейіпкерін салыстырыңыз.
2. Құндылықтар мәселесі басқа қай пәнде қарастырылады?
3. Көне түркі жазба ескерткіштері неше топқа бөлінеді?
4. Енисей, Талас, Орхон ескерткіштері қай жерден табылған?

## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Блум таксономиясы туралы не білесіз?
2. Блум таксономиясы неше басқышта амалға асырылады?
3. Блум таксономиясының артықшылығы мен кемшіліктері неде?
4. Блум таксономиясы негізінде тапсырма үлгісін жасаңыз?

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қисымова А.Қ., Нұрланов Е.Б. Біртұтас педагогикалық процесте сабақтың технологиялық картасын құрудың үлгісі. // Әлеуметтік жаңғырту жағдайында білім беру жүйесін жетілдіру. Халықаралық ғылыми практикалық конференциясының материалдар жинағы.(Астана, 6-7 желтоқсан, 2013). Б.341-346

2. Мирсеитова С. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» Қарағанды, 2011.

## Тест сұрақтары:

№	Тест тапсырмасы	Дұрыс жауап	Альтернати в жауап	Альтернатив жауап	Альтернатив жауап
1	Б.Блум таксономиясына негізделіп, бір бүтін объекті құрылымдық элементтерге ажрату арқылы үйрену және қорытынды шығару – бұл...	*талдау (анализ);	салыстыру	синтез	бағалау
2	Оқу мақсатын сырттан күзетілетін іс-әрекет маңызына қарай біртұтас бейнелеу	*бихевиоризм	таксономия	технология	инновация

	технологиясы қандай аталады?				
3	Таксономия -	*белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады.	белгілі бір критериялар бойынша оқу материалын талдау	белгілі бір критериялар бойынша оқу материалын бір “тілден” екінші “тілге” ауыстыру	белгілі бір оқу материалын өз түсінігімен қысқаша түсіндіру
4	Блум таксономиясы неше деңгейден тұрады	*6	5	4	8
5	Интерпретация –	*оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау	дайын материалды өз бетінше оқу	оқу материалын толық түсіндіру	дайын материалды түсіндіруде қосымша материалдардан пайдалану
6	Блум таксономиясының алтыншы деңгейі не деп аталады	*бағалау	синтез	түсіндіру	қолдану
7	Проблема бойынша барлық білімді тиянақтап, оны бір жүйеге келтіріп, жоспар немесе кесте құру Блум таксономиясының қайсы деңгейінде амалға асырылады?	*синтез	бағалау	қолдану	түсіндіру
8	Трансляция –	оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру	оқу материалын бір «тілден», екінші «тілге» көшірме	оқу материалын жүйелі түрде белгілі ұстаныммен түсіндіруі	оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау

			жасау		
<b>9</b>	Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау бұл -	талдау	синтез	қорытынды	бағлау
<b>10</b>	Ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда және заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолдану бұл -	білім	талдау	қорытынды	жинақтау

### **3-тақырып: Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы.**

#### **Жоспар:**

- 1. Әдебиетті оқытуды инновациялық әдістемесі**
- 2. Әдебиет сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдер**
- 3. Әдебиет сабақтарында көркем шығарманы оқу және талдау**

**Тірек ұғымдар:** сөз өнері, көркем сөз, әдіс, көрнекілік әдісі, зерттеу әдісі, репродуктивті әдіс, көркем шығарманы талдау.

#### **Әдебиетті оқытуды инновациялық әдістемесі**

Педагогикалық тұрғыдан ойлауды қалыптастыру үшін жоғары мектептегі оқыту процесінің дамуы мен мәнін, құрылымын, қисынын (логикасын) түсіну маңызды. Ол үшін оқыту процесінің негізгі құрылымдық бөліктерін бөліп алу қажет. Оқыту процесі - бұл мұғалім мен

оқушылардың белгілі бір мақсатқа бағытталған өзара әрекеттестігінің барысында оқушыларға білім беру міндеттерін шешу. Оқыту процесінің құрылымдың компоненттері мыналар: Мақсат. Педагог Оқушы, білім алушы. Оқыту әдістері. Оқытуды ұйымдастыру түрі. Алған білімді өмірде қолдана білу, нәтижесін көру. Педагогикалық диагностика. Негізгі қайшылықтар - оқыту процесінің қозғаушы күші. Оқыту - екі жақты процесс - оқыту және оқу. Оқыту - қоғамдық қарым-қатынастың субъектісі ретінде адамды дайындау қажеттілігінен туындаған әлеуметтік негізделген процесс. Бұдан шығатын қорытынды - оқытудың әлеуметтік қызметі әлеуметтік талаптарға сәйкес тұлғаны қалыптастыру. Тұлғаны қалыптастырудың негізі, қайнар көзі - әлемдік мәдениет, адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және материалдық байлығы. Дидактикада И.Я.Лернердің тұжырымдамасы кеңінен қолдау тапқан: Білім Іс-әрекеттің әдістері. Шығармашылық тәжірибе Зерттелініп отырған объектіге, сонымен бірге өз-өзіне және басқа адамдарға деген эмоционалдық-құндылық қарым-қатынас, қоғамдық, ғылыми және кәсіби іс-әрекеттің себеп-салдары мен қажеттіліктері. Оқыту процесі - білімді, біліктілік пен дағдыны меңгеретін, тұлғаның дүниетанымын, күш-қайратын, қабілеттерін тәрбиелеп дамытатын іс -әрекет барысы. Оқыту процесі - тұтас педагогикалық процестің бір бөлігі. Оқыту - мақсатты процесс. Оқытудың басты мақсаты, әдіс тәсілдері, мазмұны мен міндеттері қоғам талабынан туындап, ұдайы өсіп, жаңарып отырады. Оқыту - таным процесі. Оқыту - даму негізі. Оқыту - жоспарлы процесс. Оқыту - бұл күрделі процесс. Ол тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл - ойы мен творчестволық қабілетін, демек біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, оқыту процесі - бұл білім алушы тұлғаны дамыту үшін мақсат көздеген, педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған, әлеуметтік жағынан қамтылған процесс. Оқыту процесін екі негізгі репродуктивті (шығаратын) және продуктивті (шығармашылық) вариантта жүргізген жағдайда білім

мен іскерлік әдістерін меңгеруге болады. (В.И.Загвязинский). Кез-келген танымдық міндеттерді шешу өз табиғатында қарама-қайшылықты болып келеді. Осы қарама-қайшылықты шешу қызығушылық тудырады, белгілі бір іс-әрекетке жетелейді, белсенділік туғызады, міне, осылар оқыту процесінің қозғаушы күші болып табылады. Лекцияның негізгі дидактикалық мақсаты - студенттердің оқу материалын меңгеруіне қажетті бағыттаушы негізді қалыптастыру. Жақсы, дидактикалық мақсаттарға сай ұйымдастырған лекция лектордың аудиториямен шығармашылықтық тұрғыдан жасайтын қарым-қатынасы, оның танымдық эмоционалдық тұрғыдан тиімділігі жоғары болады. Егер студенттің ойлау қабілеті белсенді болса, онда жаңа материал оңай, әрі тез оқытады, сондықтан, лекцияда тыңдаушылардың белсенділігі мен ойлау қабілетін тудыру қажет. Лекцияға қойылатын талаптар: Лекция мен лекция оқудың адамгершіліктік, ізгіліктілік (гуманистік) жағы; Ғылымилығы мен ақпараттылығы; (қазіргі кездегі ғылыми деңгейі) Дәлдігі мен дәлелділігі; Түсіндірудің эмоционалдық жағы; Тыңдаушылардың ойлау қабілетін белсендіру; Қойылған сұрақтарға жауап берудегі құрылымы мен қисығының нақты болуы; Басты ой-пікір мен ережелерді бөліп алу; Тірек ұғымдарды бөліп алу, түсіндіру; Қорытындылау; Тілінің түсінікті және анық болуы; Басты, жаңа ұғымдар мен терминдерді түсіндіре білу; Мүмкіндігінше дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерді (аудио, видео, интерактивті мультимедиалық құралдар т.с.с.) пайдалану; Аталған талаптар лекцияның сапасын бағалау критерийлерінің негізі болып табылады. Лекцияның құрылымы және оның сапалылығын бағалау Өзінің құрылымы жағынан лекциялар әртүрлі болып келеді. Оның құрылымы оқытылатын материалдардың мазмұны мен сипатына байланысты, бірақ, кез-келген лекцияға қолданылатын жалпы құрылым-дық форма болады. Ең алдымен лекцияның жоспарын хабарлап, яғни жоспармен таныстырып, сол жоспар бойынша жүйелі түрде сұрақтардың мазмұнын ашуды қатаң түрде сақтау қажет. Емтихан сұрақтарына кіретін негізгі, маңызды мәселелерге

ерекше назар аударып, соларды жоспарға міндетті түрде енгізілуі шарт. Алдыңғы өтілген лекцияның мазмұнын еске түсіріп, оның жаңа материалмен байланысын, пәндегі және басқа ғылымдар жүйесіндегі орны мен қажеттілігін айтып өту керек. Тақырыпты ашу барысында индуктивті әдісті қолдануға болады: ғылыми қорытындыларға әкелетін мысалдар, фактілер; сол сияқты нақты мысалдар арқылы жалпы ережелерді түсіндіруде дедукция әдісін де қолдануға болады. Лекцияның соңында айтылған мәселелер бойынша қорытынды жасау лекцияның құндылығын арттырады. Жоғары мектептегі дәстүрлі лекциялар ақпараттық болып табылады. Лекциялар мазмұны, құрылымы, сипатына қарай әртүрлі болып келеді. Бірақ, жалпы басшылыққа алатын әдістемелік ереже, қағидалар ортақ болады. Лекцияның үш түрі болады: 1. Кіріспе. 2. Ағымдағы лекция. 3. Қорытынды, немесе шолу лекциясы. 1. Кіріспе лекция - мұнда пәннің мақсаты, ғылымдар жүйесінде алатын орны, сол мамандыққа қажеттілігі, яғни рөлі, мамандыққа қажет оқылатын басқа да пәндермен байланысы, сол пән ғылымының зерттеу пәні, әдіснамалық негізі, әдістер, мәселелер мен гипотезалар, даму перспективасы, іс-тәжірибесі, яғни практикамен байланысы, теориялық материалдар, даму тарихы, студенттердің болашақ мамандығына байланысы, пәнге байланысты оқулық, оқу-әдістемелік құрал, ғылыми әдебиеттермен таныстыру сияқты мәселелер сөз болады. Бұдан басқа пәнді оқып, меңгерудің, жүйелі түрде әдебиет пен конспектілермен жұмыс жасаудың әдістерімен таныстырған жөн. 2. Ағымдағы лекция - оқу жоспары негізінде жасалған типтік бағдарламаға сәйкес жұмыс бағдарламасы бойынша жүргізіледі. 3. Қорытынды немесе шолу лекция - бұл қысқаша конспект түрінде берілмейтін, білімнің жоғары деңгейде жүйеленіп берілуі. Сонымен бірге ең қиын, күрделі емтихан сұрақтарының жауаптары қарастырылады. Жалпы лекцияны оқи отыра, лектор студенттердің қандай мәселелерді жазып алып жатқандығын байқап, соған бағдарланып отыруы керек. Конспект мұқият тыңдау, жазба жұмыстары кезінде жақсы есте сақтау, семинар, емтихандарға



дайышдалуда тірек материалдары ретінде көмек береді. Лектордың міндеті - студенттерге конспект жазу барысында ойлап, саналы түрде ұғыну, зерделеуді, тыңдай отырып, қысқаша жазып алулары үшін жағдай тудыруы керек. Ол үшін лектор студенттерге көмектесуі, яғни барлығына түсінікті ме, жоқ па, үлгеріп жатыр ма, міне, осындай мәселелерге назар аударуы қажет. Бұны ол аудиторияның реакциясынан байқай алады. Ол үшін лектор өзінің дауыс ырғағына, материалды қалай жеткізіл жатқандығына, тақтадағы жазбаларына, көрнекілікті қолдануына, дауыс темпіне, лекцияның регламентінің қалай сақталып жатқандығына үнемі бақылау жасап отыруы қажет. Студенттерді қысқаша лекция жазуға үйрету, жазбаларды рәсімдеу, қысқартылған сөздер, әртүрлі белгілерді дұрыс қоя білу, жазба жұмысы барысында әртүрлі қаламдарды қолдану сияқты іс-әрекеттерге дағдыландыру пайдалы. Лекция мазмұнының құрылымының нақтылығы, студенттердің ынта - ықыласын өзіне аудара білуі студенттердің белсенділігін, жұмысқа деген қабілеттілігін, педагогикалық қарым-қатынас орнатуға, еңбекке деген құлшынысты, пәнге деген қызығушылықты тудырады. Лекция сапалылығын бағалау Өзара сабаққа қатысу барысында қызметтестер оқытушының лекцияны оқу сапасын бағалайды. Лекцияны бағалау критерилерінің негізгі түйіндері: оның мазмұны, әдісі, студенттер жұмысына жетекшілік, лекторлық дарын, лекцияның нәтижелілігі. 1. Лекцияның мазмұны: ғылымилығы - қазіргі кездегі ғылымның дамуына, жетістігіне сәйкестілігі; саяси бағыттылығы - дүниетанымдық идеяларды бөліп алу, жекелеу, әдіснамалық сұрақтарды ажырата біліп, оларды түсіндіру; ойлаудың белсенділігі - мәселелік сұрақтар қою және пәнаралық байланыстарды анықтау; Лекция мен оқулық арасындағы байланыс, яғни оқулықта жоқ материалдар беріле ме, әлде оқулық бойынша айтылып жатыр ма? Қиын сұрақтарды талдау, ерекше тоқталу, жекеленген материалдың бөлімдері бойышпа студенттерге өз бетінше тапсырма беру. Пәнішілік және пәнаралық байланыстар. 2. Оқытудың әдісі - лекцияның құрылымы, қисыны (логикасы), жоспары,

әдебиеттер мен қосымша әдебиеттерді беру, жаңа терминдер, дәлелділігі мен дәйектілігі, негізгі ойлар мен қорытындылар, оларды ажырата білу, көрнекілік құралдар, жекеленген жазбалар, тірек конспектілерді қолдану. Қорытындылауда сұрақтарды қайталау, бақылау, тексеру сұрақтары, лекцияның соңында бүкіл лекция материалы бойынша қорытынды, тұжырым жасау. 3. Студенттер жұмысына басшылық - лекция, конспектілерді жазуды талап ету, сұрақ-сауал, дискуссия ұйымдастыру. Конспектілерді семинар сабағында, лекцияның соңында тексеріп отыру. Шешендік әдістер, риторикалық сұрақтар беру, әзіл-қалжыңды орында қолдану сияқты студенттердің ықыласын аудару, көңіл-күйлерінің көтеріңкі болуына кейбір әдістерді қолдану. 4. Лекторға қойылатын талаптар: пәнді жетік білуі, идеялық сенімділік, көңіл-күй, дауысырғағы, сөз құрамының дұрыстылығы мен нақтылығы, демалысы, сырт көрінісі, өзін-өзі аудиторияда ұстай білуі, аудиторияны "көре" және "сезе"? білуі, аудиториямен байланыста болуы. шешендік шеберлігі. 5. Лекцияның нәтижесі: ақпараттық құндылығы, тәрбиелік әсері, дидактикалық мақсатқа жетуі. Лекция оқу барысындағы лектордың міндеті: - студенттердің танымдық жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, яғни лекцияны тындау, қабылдау, түсінуі сияқты танымдық процестердің белсенді жүруін байқау, қадағалау; материалды өңдеу; тұжырымдап, қорытынды жасау: Дұрыс әрі тиімді ұйымдастырған лекцияның тәрбиелік маңызы арта түседі, яғни, ойлау, еңбек әрекеті, пәнге деген ынта, ықылас және қызығушылық дамып, қалыптасады. Семинар және лабораториялық сабақтар. Семинар сабағының оқытудың формасы ретінде өзіне тән тарихы бар. Семинар латынның " *seminarium* " деген сөзінен шыққан. Семинар ертедегі грек, рим мектептерінде диспут, комментарий, қорытынды түрінде өтілген. XVII ғасырда бұл форма Батыс Еуропа елдерінде, ал ХГХ ғ.-дан бастап Ресей университеттерінде қолданылып келеді. Семинар сабақтары белгілі бір жеке ғалымның басшылығымен студенттердің теориялық курс пек ғылыми зерттеу жұмыстарының әдістерін меңгеруін сипаттайды. Семинар

сабақтары жоғары мектеп алдындағы міндеттердің өзгеріп отыруына орай үнемі жетілдіріліп отырды. Қазіргі кездері семинар сабақтары, негізінен, жоғары мектепте гуманитарлық және техникалық пәндерді оқытуды ұйымдастырудың формасы болып табылады. Ол студенттерде ойлай білу мәдениетін дамытудың құралы болып саналады. Семинар сабақтары пәнді терең, жетік меңгеру мен ғылыми танымның әдіснамасын меңгеруге бағытталады. Студент семинар сабағына дайындалу барысында өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеп, дайындалады (талдау жасау, реферат-тар жазу, баяндамаларға дайындалу, т.с.с.) Семинар сабақтары - студенттердің шығармашылық іс-әрекетін дамытудың бірден-бір жолы. Семинар сабақтарында келесі мәселелерді шешу көзделеді ( А.М.Матюшкиннің пікірі бойынша): Кәсіби шығармашылық тұрғыдан ойлауды дамыту; Танымдық мотивтер; Оқу жағдайларында кәсіби біліктілікпен білімді қолдану. Семинар сабақтарында оқытушы білімді тиянақтау, бекіту, бақылау жасау, педагогикалық қарым-қатынас сияқты жекеленген мәселелерді шешеді. Қазіргі заманауи ЖОО-да семинар сабақтарының кең тараған 3 типін ажыратуға болады: Ағымдағы семинар Жекеленген семинар Арнайы семинар Ағымдағы семинар - бірінші курста жүргізіледі. Мақсаты -студенттерді өз бетінше жұмыстың ерекшелігімен, таныстыру, әдебиет-тер мен қайнар көздерімен таныстыра отырып, олармен жұмыс жасаудың әдістерін үйрету. Себебі, тәжірибеден белгілі болғандай, бірінші курс студенттері бірден бірнеше әдеби қайнар көздермен жұмыс жасай алмайды, қажетті материалды іріктеу, оған талдау жасау, тақырыпқа сәйкес материалдарды табу сияқты жұмыстар қиындық туғызады. Сондықтан әдеби қайнар көздермен жұмыс жасауды үйретуге, ғылыми мәселелерді шешуге шығармашылықпен қарау, семинар сабағына дұрыс дайындалу дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу керек. Семинар сабағына дайындалудың келесі кезеңі - реферат дайындау, тақырыпты анықтау, оқи білу, талдау, талқыға салу. Күрделі оқу, тәрбие міндеттері 2-4 курстарда жүретін семинар сабақтарында, әсіресе, 4-5 курстардағы арнайы

семинар сабақтарында студенттерде меңгершетін материалға деген зерттеушілік көзқарас қалыптасады. ЖОО-да көбінесе семинардың 3 типі жүргізіледі: Белгілі бір курсты терең меңгеру мақсатына көздейтін. Әдіснамалық жағынан маңызды белгілі бір тақырыптың немесе курстың жекеленген тақырыптарын меңгеру. Ғылымның жекеленген бөлімдерін терең зерттеу мақсатындағы. Семинар сабақтары әңгіме, баяндама, пікірталас түрлерінде өтіледі. Арнайы семинар белгілі бір ғылым саласы бойынша жоғары курстарда өтіледі. Егер жүргізуші оқытушы тәжірибелі болса, онда ол студенттерді ұжымдық формада ойлай білу мен шығармашылықпен жұмыс жасауды, ситуацияларды құрастыру, оларды шеше білу, моделдеу, бағалау, өзара сын секілді іс-әрекеттерді қалыптастырады. Семинар сабақтарының маман даярлауда маңызы зор, себебі әртүрлі, күрделі міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызады, студенттердің шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін дамытады. Семинар сабағында студенттер ғылыми ақпаратты меңгереді, ғылыми жұмыс-тарды жазу, өңдеу дағдысы мен іскерлігін дамытады, материалды ауызша немесе жазбаша түрде айтып, жазып беру өнерін игереді. Семинар сабағының бірден-бір мақсаты: - лекцияда алған білімді терең ұғыну, мәселелерді шешу, проблемалық ситуациялар мен есептерді ойластыру, құрастыру, талдау, өз позицияларын айқындап, анықтау. Семинар сабағына дайындықтың бастауы - әдебиетпен жұмыс істеу, талқыланатын мәселелер мен сұрақтарға дайындалу. Семинар сабағы өзінің әдістемесімен, яғни әдістемесінің әр түрлі, көпқырлығымен ерекшеленеді. Семинардың жоспары, қарастырылатын сұрақтар алдын-ала белгілі болады, онымен студенттер алдына-ала танысады. Сол бойынша барлығы дайындалады. Келесі бір әдісі - белгілі бір тақырыптарға, белгілі бір студенттер арнайы дайындалады. Бұл жағдайда оқытушы студент баяндамасының өз бетінше шығармашылықпен, жауапкершілікпен жұмыс істеу деңгейін бағалайды. Қалған студенттер тек тындаушының ғана рөлін орындамау үшін, топтың белсенділігін (сабақ үстіндегі) арттыру үшін,

оқытушы тақырыпқа байланысты, мүмкіндігінше, көптеген қосымша сұрақтар дайындауы керек. Семинарға дайындалу үшін оқытушы негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімін береді. Семинар сабағын өткізгенде оқытудың дидактикалық қағидалары орындалуы тиіс. Атап айтқанда: Оқытудың тәрбиелігі, яғни болашақ мамандыққа деген қызығушылығын дамыту, арттыру өзін-өзі тәрбиелеу, кәсіби тұрғыдан тәрбиелеу; Оқытудың ғылымилығы - ғылымның соңғы жаңалықтары, жаңашыл мұғалімдер тәжірибесі оқытудың жаңа техноло-гоялары, педагогикалық инноватикалар, педагогикалық терминдер, студенттердің ғылыми көзқарасы мен педагогикалық тұрғыдан ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру; Оқытудағы саналылық - қағидалар мен заңдылықтарды саналы түрде ұғыну, оларды іс-жүзінде пайдалана білу; Теорияның практикамен байланысы - теориялық материалдарды бекіту, байқаумен байланысы, т.б. қорытындылап, тұжырымдауды, нақты іскерліктерді қалыптастыру, т.б. Семинар сабақтарының сапалылығын анықтайтын критерийлер: мақсатқа бағыттылығы - теориялық материалды болашақ кәсіби іс-әрекетте, материалды нақты іс жүзінде қолданумен байланыстыру; жоспарлау - басты мәселелерді бөліп алу; ұйымдастыру - пікірталас, пікіралысуды қолдау, студенттердің жауаптарына талдау жасау; семинарды жүргізу стилі - белсенді; оқытушының студенттермен қарым-қатынасы, талап қоя отырып, құрметтей білу немесе бейтараптық; студенттердің оқытушыға қарым-қатынасы - сыйластық, өзара сын; топты басқару - оқытушының топта өзін-өзі еркін ұстауы, сенімділік, әділдік немесе керісінше көп ескертулер жасауы, дауысын көтеру, топта тек бірнеше студентпен ғана жұмыс істеуі, т.б. Оқытушының қорытындысы - кәсіби шеберлікпен, сенімділікпен немесе керісінше; Студенттердің жазба жұмыстарын үнемі, жүйелі түрде жүргізу немесе керісінше. Көптеген жағдайларда семинар сабақтарында іскерлік ойындар, тренингтер ұйымдастырылады (мамандыққа байланысты). Лабораториялық жұмыстар Лабораториялық жұмыстар - оқу-зерттеу іс-әрекеттері барысында

студенттерге теориялық әдіснамалық білім мен оны нақты іс жүзінде қолдануға қажетті іскерлік, дағдылар жүйесінің интеграциясын сипаттайды. "Лаборатория" латынның - "Labor" еңбек, жұмыс, қиындық деген мағынаны білдіретін сөзінен шыққан. Лабораториялық жұмыстар оқу жұмысының ерекшелігіне байланысты, сондықтан әрбір нақты жағдайда жекеленген әдістемелік нұсқаулар қажет. Топтың біріккен іс-әрекеті - ең тиімді формалардың бірі. Оның нәтижелілігі оқытушының ұйымдастырушылық шеберлігіне байланысты, яғни студенттерді өз бетінше жұмыс жасауға, мәселені зерттеуші ретінде шешуде оларды ойластыру, ойлай білу іс-әрекеттерін белсендіру мақсатында бағыттаумен анықталады. Кез-келген практикалық жұмыстың маңызды жағы жаттығу болып табылады, яғни негізінен есептерді шешу, графикалық жұмыстар, ғылымның негізгі ұғымдарын нақтылау.

### **Әдебиет сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдер**

**Көрнекілік әдісі-** берілген білімнің мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда уақыт үнемдеуге, әсіресе оқушы психологиясына әсер ету мақсатында өте тиімді болады. Сондай-ақ оқушы сабаққа қызықтыру, ынталандыру мәселесінде де маңызы зор.

- берілетін білімнің ғылымилығын арттыру қосымша материалдармен байыту, оқушыларды іздендіру, өз бетімен проблема шештіру мәселелерінде тиімді. Оқушылардың өздігінен ойлануы мен іскерлігін өз беттерінше уақытында жасау дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы. Бұл әдіс негізінен, семинар, конференция, сабақтарда баяндама, реферат жаздыруға ыңғайлы. Бұл әдістегі негізгі мақсат- оқу материалының бұрынғы сабақтарда қамтылмаған жаңа қырларын, тың астарын ашу. Бұл әдіс ұстаздың шәкерттерге зерттеу тұрғысындағы проблемалық тапсырмалар беруі арқылы орындалады.

**Шығармашылық әдісі-** шәкірттердің оқырмандық қабілетін тәрбиелеу мақсатында көркем шығарманы оқып-үйренудің алғашқы

кезеңінде де, қолданылуы мүмкін. Мұнда төмендегідей әдістемелік тәсілдер қолданылады:

- Мұғалімнің мәнерлеп оқуы.
- Көркемсөзөнерлерінің мәнерлеп оқуы.
- Артистердің орындауындағы жеке сахналық көріністер.
- Оқушыны мәнерлеп оқуға үйрету.
- Көркем мәтінді ұстаздың коментарий түсінік бере оқуы.
- Әңгіме жүргізу.
- Шығармашылық тапсырма беру.
- Жаттау.
- Жоспар құру.
- Эпизодтарға тақырып қою.
- Мәтінге жақын баяндау.
- Көркем баяндау.
- Сценарий құру.
- Иллюстрация жасау.
- Пікір жазу(кітап,кино, спектакль, радио, телеқойылым, хабарларға)
- Шығарма жазу.

**Эвристикалық әдіс**- мұнда да негізгі оқу материалы-көркем шығарма. Оны талдау арқылы көркем-эстетикалық, рухани, адамгершілік, қоғамдық- философиялық мәселелердің мәнін ашу көзделді. Бұл әдіс көбіне эвристикалық әңгіме түрінде жүргізіледі. Мұны кейде эвристикалық әңгімеден соң ұстаздың сұрау тапсырмалары бойынша шәкірттердің өздері орындауы да мүмкін. Бұл әдіс мынадай әдістемелік тәсілдер арқылы іске асырылады:

-Логикалық сұрақтар жүйесі(көркем шығарманы талдау,теориялық т.б мәселелер бойынша)

-Тапсырмалар жүйесі.Шығарма мәтіні бойынша ауызша, жазбаша жоспарлау, баяндау, теориялық т.б мәселелер бойынша.

-Мұғалімнің өзінің немесе мұғалім ұсынысымен шәкірттердің проблема қоюы, пікірталас ұйымдастыру.

**Репродуктивті әдіс**- бұл әдісте оқытушы белгілі бір оқу материалын проблема қоя отырып баяндайды, әрі оған өзі жауап береді, тақырыптың мәнін түсіндіреді. Содан соң шәкірттерден дәл осы ізбен қайталап, басқа оқу материялын түсіндіруді талап етеді. Бұл репродукция яғни қайталау, көшірме жасау әдісі болып есептеледі.

Репродуктивті әдісте қолданылатын тәсілдер:

-Әңгіме(жазушылардың өмірі мен шығармашылығы жөнінде оқытушы әңгімесі)

-Шолу лекция(оқу құралдары, техникалық көрнекі құралдарды пайдалана отырып)

-Тапсырма беру(оқулық, оқу құралдары бойынша)

-Сұрақтарға жауап беру(оқу материялын арқау ете отырып)

### **Әдебиет сабақтарында көркем шығарманы оқу және талдау**

Әдебиет – сөз өнері. Барлық сөзді тізе берсең әңгіме, жыр шықпайды. Адам жүрегі тербетіп, ақыл таразылап, тіл кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады.Ғылыми тұжырымда әдебиет «адамтану құралы», ал әдебиет пәні «адам тәрбиелеу құралы», - делінген. Өйткені,**Ғылыми педагогикалық ұстаным бойынша** әдебиет әдебиет пәні философиялық, педагогикалық, негізінен ұлттық ізгілікті,психологиялық, тұғырламалық мәдени – рухани көзқарастарға құрылса құндылықтарға құрылған.ұлттық таным, ұлттық рухани гуманистік сананы (адамгершілікке сананы қалыптастырса негіздеу) қалыптастырады.бірлесе отырып:қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, қазақ тілінің қатысымдық, эстетикалық және этикалық қызметін меңгеруін қамтамасыз ету, оқыту үрдісі арқылы ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, қазақ әдебиеті шығармаларын аудармасыз қазақ тілінде оқу, түсіну, баяндап айту деңгейіне жету,Қазақстандық патриотизм идеяларын болашақ қоғам иелерінің санасына дарыту.Орыс мектептеріндегі «Қазақ



әдебиеті» пәнін оқыту – айрықша көңіл бөлуді қажет ететіндігі еліміздің ертеңгі болашағына деген үлкен міндеттен туындап отырғаны бәрімізге мәлім. Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын – жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек. «Көркем шығарма - әдебиеттің құндылығы.

**Көркем шығарманы оқыту** – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру.» - деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз. Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс – тәсілдерді орнымен қолдану қажет.

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім – болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс – тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалануы керек. Оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытудың жолдарын қарастыруы керек.

Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие


беру; оқырмандық тұрақты ынта – ықыласты, биік талғамды қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру; логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру. Бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру болып табылады.

- көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын, ынтазарлығын ояту, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру;

- сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем – дағдылар қалыптастыру;

- ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой – пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу.

Әдебиет - өнер, әдебиет - ұлттық қазына, асыл мұра. Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді **оқулыққа ендіруде** төмендегідей қағидалар басшылыққа алынған:



Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру Оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту. Ой, ойлану, ойлату барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік пікірде жатыр. Көркем туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің

басқа пәндерді оқытудан өзгешілігі де, күрделілігі де осында. Басқа пәндерге қарағанда әр түрлі.

Мектепте әдебиетті оқытудың мән-маңызы көркем туындыны оқыту, талдау, оқырмандық пікір қалыптастырумен ашылмақ. Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Оқу баланың өз еңбегімен жүзеге асса, талдау мұғалім, оның ұйымдастыруы, жобалауы, тиімді жағын ойластыруы арқылы жүзеге асады. Көркем мәтінді оқушы қалай оқып, қабылдайды, қандай ой туады, өз көзқарасын қалай жеткізеді – бұл оқушы мен мұғалімнің бірлескен еңбегінің жемісі болмақ.

Қазіргі әдістемеде талдау жасаудың 4 түрі:

Образ бойынша;

Тақырыптық;

Тұтас;

Автор ізімен.

ұсынылып жүр. Қандай талдау түрі болса да, не мақсат көзделеді?

Бұл сұраққа әдіскер Қ.Бітібаеваның сөзін негізгі ала жауапберсек

1. Оқушының туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын тану,

2. Эстетикалық талғамын қалыптастыруға сеп болу,

3. Таным қабілеті, ойлау белсенділігі мен дербестігін ұштау,

4. Ең бастысы – көркем туынды бойынша талдау жасау, пікір айту жолдарын меңгерту /тақырыбы, авторлық идея, образдар жүйесі, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, көркемдік-эстетикалық жағын т.б. кешенді түрде қарастыру/.

Көркем туындыны оқытып, сауатты талдауға қол жеткізу үшін автордың мақсат-мұратын, ойын білдіретін әрбір деталь, көркемдік тәсілді дәл танып, жазушы шеберлігін оқушыға дұрыс таныта білу керек. Оқушының танымдық-шығармашылық қабілетін, ойлау белсенділігін дамытатын, өз жоба-жорамалын ұсыну, салыстыру негізінде дұрыс шешім табуға жетелейтін әдістің бірі – проблемалық талдау. Ол көркем туынды негізіндегі проблеманы дәл танып, ізденіске, әдеби айтыс-

тартысқа жетелейтін сұрақтар әзірлеуді қажет етеді. Сұрақ авторлық идея, проблема, кейіпкер іс-әрекеті т.б. негізінде туындайды.

### **Тарихи және көркем шындықты негізге ала талдау.**

Мұнда мұғалім тарих реңі ғана болатынын, жазушы кейіпкер бейнесін жасауда өмір шындығын қалай пайдаланғанын назарда ұстауы керек. Ш.Құдайбердіұлы мен М.Абайұлының «Еңлік-Кебек» дастандарын, кейін М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасын оқытуда мұғалім үш туындының арқауы – махаббат трагедиясына үш суретке де замана сипаты, ел ішіндегі әлеуметтік жағдайға сәйкес қарағанына мән береді. Оқушыны мына сұрақтар төңірегінде іздендіруге болады:

1. Трагедиялық оқиғаның тууына қандай қоғамдық, әлеуметтік жағдайлар себеп болды?

2. Неге Шәкәрім «Ақтабан шұбырынды» оқиғасын өз сөзіне астар етіп алған?

3. Ғашықтар трагедиясына кім, не кінәлі? Бұған өзің қалай қарайсың?

Осыған орай оқушы ой-толғанысының үзiгi:

«Шәкәрім ғашықтар қазасын бір ру, топ, жеке адамның мойнына қоймайды. Қатігездік көптің тарапынан жасалған, сондықтан кінә жеке адамда емес, тұтас қоғамда. Кеңгірбай би де жастарға ара түсе алмай, заман мен жағдайға бас иген».

«Ақтабан шұбырындыны сөзіне астар етудегі мақсаты – трагедияға себеп болған қоғамдық, әлеуметтік жағдайларды анықтау, оқиғаның өмірлік мәнін көрсету. Шынында, қараңғылық пен ескі салт-сана дәуірлеп тұрған заманда ғашықтар тағдырының қайғылы аяқталуы қисынды деп ойлаймын» т.б.

Осылайша оқыту-талдаудың ұтымды жағы мынада:

1. Ақиқатқа жету, проблеманы шешу үшін ізденеді, зерттейді.
2. Оқығанды ой жүгіртіп, зерделеп қабылдауына негіз болады.

3. Оқушы мәтінге жүгініп, өз ойы, болжамын, көзқарасын айтуға машықтанады.

4. Оқытудың жалғаспалық, жүйелілік принципі тоғыса келіп, оқушыға терең білім беру жүзеге асады.

### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әдебиетті оқытуда қандай сабақ түрлері қолданған жөн?
2. Әдебиет сабақтарында қолданылатын әдістер жайла не білесіздер?
3. Шығармашылық әдіс дегеніміз не?
4. Көркем шығарманы талдаудың қандай жолдары бар?
5. Белгілі бір көркем шығарманы алып, талдау жүргізің?

### Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. – Қ.: Рауан, 1998.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – А.: Санат, 2002.
3. Жумажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А.: Билим, 2009.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А.: Рауан, 2007.

### Тест сұрақтары:

№	Тест топшириқлари	Тұғри жавоб	Муқобил жавоб	Муқобил жавоб	Муқобил жавоб
1	Иллюстрациялық әдіс дегеніміз не?	материалды түсіндіру, талқылау, толықтыру, көрсету;	ауызша, жазбаша;	материалды баяндау, түсіндіру;	зат, құбылыс, процестерді көрсету;
2	Демонстрациялық әдіс дегеніміз не?	зат, құбылыс, процестерді көрсету;	материалды баяндау, түсіндіру;	ауызша, жазбаша;	материалды түсіндіру, талқылау, толықтыру, көрсету;
3	Оқышылардың шығармашылық пен іздену, зерттеу жұмыстарын жүргізу, белгілі гипотезаларды ілгері сүру, нәтижелерді негіздеу, белгілі қорытындыларға	проблемалы оқыту	ынтымақта оқыту	интербелсенді оқыту	өзіндік оқу

	келу сияқты ептілік және дағдыларды қалыптастыруға қызмет ететін оқыту түрі не деп аталады?				
4	Талдаудың ең қарапайым түрі –	тілдік талдау	сөздікпен жұмыс	образдар жүйесіне қарай талдау	шығарманың құрлысына қарай талдау
5	Әдебиетті оқыту неден басталады?	көркем шығарманы оқудан	оқытудың әдіс-тәсілдерін іздестіруден	көркем шығарманы талдаудан	оқытудың әдіс-тәсілдерін сұрыптаудан
6	Бұл әдісте оқытушы белгілі бір оқу материалын проблема қоя отырып баяндайды, әрі оған өзі жауап береді, тақырыптың мәнін түсіндіреді.	Репродуктивті әдіс	Эвристикалық әдіс	Шығармашылық әдісі	Зерттеу әдісі
7	Шәкірттердің оқырмандық қабілетін тәрбиелеу мақсатында көркем шығарманы оқып-үйренудің алғашқы кезеңінде қолданылатын әдіс түрі.	Шығармашылық әдісі	Репродуктивті әдіс	Зерттеу әдісі	Эвристикалық әдіс
8	Мұғалімнің уақытын үнемдеуге, әсіресе оқушы психологиясына әсер ететін өте тиімді әдіс?	Көрнекілік әдісі	Зерттеу әдісі	Репродуктивті әдіс	Шығармашылық әдісі
9	Көркем шығарманы мазмұны мен формасының бірлігінде талдау мәселесі	Әдебиеттану ғылымымен байланысты	Эстетикамен байланысты	Тіл білімімен байланысты	Психологиямен байланысты

	әдебиетті оқыту методикасының қайсы ғылым саласымен байланысты?				
10	Көркем туындыны эпизодтарға бөліп оқытуда қандай мәселелерге көңіл бөлу керек?	Шығарманың мазмұнына, оқиғасына	Қорыту жұмысынан алдын	Үй тапсырмасын сұраудың алдында	Жаңа материалды түсіндірген соң

#### **4-тақырып: Әдебиет сабақтарында халықаралық бағалау жүйесі бағдарламасынан пайдалану**

##### **Жоспар:**

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту
2. Әдебиет сабақтарында PISA тапсырмалары үлгісі

**Тірек ұғым:** функционалдық сауаттылық, PISA, оқу бағдарламасы, субъект, рефлексия, жағдаят.

Қазіргі жаһандану дәуірінде елімізде білім беру жүйесін түбегейлі рефомалау және одан ары тереңдету, озық инновациялық технологияларды ұсыну, оқыту сапасын арттыру мәселесі мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерілді. Білім беру саласында әдебиетті оқытуда инновациялық жандасу бүгінгі күнде амалға асырылған реформалардың нәтижесі. Оқушы тұлғасының рухани дүниесі, ой-санасы мен тіл байлығын қалыптастыруда тек қана қазақ әдебиеті ғана емес, сондай-ақ, әлем әдебиетінің де өз орны мен әсері бар. Қазіргі таңда білім алушылардың оқу жетістігі екі жағдайда бағаланады. Олардың бірі – сырттай бағалау болса, екіншісі – іштей бағалау. Нақтылай түссек, іштей бағалау – оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты өлшеміне сәйкес жүзеге асырылса, сырттай бағалау – әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелеріне сәйкес, сондай-ақ халықаралық зерттеулерге TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) (бұдан әрі – TIMSS), PISA (Programme for

International Student Assessment) (бұдан әрі – PISA) және PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) (бұдан әрі – PIRLS) қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Халықаралық бағалау бағдарламаларының бүгінгі таңда маңызы қандай? Бұл бағдарламалар соңғы жылдары елімізде жүріп жатқан реформалар нәтижесінде орасан зор экономикалық өсу көрсеткіштеріне қол жеткізіп, барлық салаларда білікті кадрлар мен мамандарға деген талапты арттыра түсуде. Бұл өз алдына оқушылардың әдебиет сабақтарына деген қызығушылықтарын жоғарылатып және мұғалімдердің жан-жақты білім мен тәрбие беруге деген назарын күшейтуге қызмет етеді.

Жоғарыда аталған талаптардың білім беру жүйесі үшін өте маңыздылығы көптеген шет елдердегідей білім мен ғылым, дамуды бағалау және мониторинг бақылау арқылы білім сапасын арттыруға бағытталған озық тәжірибелерді салаға енгізу керек екенін аңғартады.

**PISA** (Programme for International Student Assessment) – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы. PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15 жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін анықтауды мақсат етеді. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Көптеген елдерде жасөспірімдер 15 жаста негізгі білім беру сатысын аяқтап, ересек өмірге дайындалады, осыған сәйкес зерттеудің негізгі міндеті он бес жастағы оқушылардың өз беттерінше өмір сүрулеріне қажет білім, білік, дағдыларын анықтау болып табылады.

PISA бағдарламасының мақсаты – 15 жастағы оқушылардың мектепте алынған білімі мен тәжірибесін адам қызметінің, қарым-қатынастың және әлеуметтік қатынастардың түрлі салаларындағы өмірлік міндеттердің кең ауқымында қолдана алу қабілеттерін бағалау. Атап айтқанда 15 жастағы оқушыларды зерттеуге тартуды таңдау көптеген мемлекеттерде бұл жаста



мектептегі міндетті оқытудың аяқталуымен түсіндіріледі және оқыту бағдарламалары түрлі мемлекеттерде ортақ болып табылады. Білім берудің аталған кезеңінде оқушыларға келешекте пайдалы болуы мүмкін білім мен біліктің қазіргі жағдайын анықтау өте маңызды, сонымен қатар оқушылардың ересек өмірде табысты бейімделуіне қажет білімдерді өз бетімен алу қабілеттерін бағалау<sup>1</sup>.

PISA халықаралық зерттеуінің негізгі міндеті – білім беру саласындағы әлемдік басымдықтарды сипаттайтын зерттеу құралдарының негізінде объективті өлшеулер арқылы алынған айқын нәтижелерді талдау, мүше елдерді білім беру саясаты туралы ақпаратпен қамтамасыз ету және оларға шешім қабылдауда қолдау көрсету. Үш жыл сайын жүргізілетін сауалнама елдерді уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етеді, оның ішінде деректер мен саяси шешімдер туралы тиісті бағдарламалардың әсерін ескеретін талдаулар жасайды. Сонымен қатар, бұл елдерге осы кезеңде өздерінің білім беру жүйелеріндегі болашақ мақсаттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Білім сапасын бағалау халықаралық зерттеулерінде қатысу біздің елімізге не береді?

- зерттеулердің нәтижесі елімізде *білім сапасы және оның халықаралық стандарттарын ескере отырып, иелеген позиция туралы қорытынды жасау* мүмкіндігін береді.

- ұлттық білім беру жүйесін реформалау, білім беру мазмұнын, педагогикалық кадрларды даярлау мен олардың кәсіби дамуын жетілдіру бағдарламаларын және мамандар тарапынан *жаңа буын оқулықтарын жасауда* қолданылады.

- халықаралық зерттеулер білім саласындағы *ұлттық зерттеулерді сапалы өткізуге* оң әсерін тигізеді.

---

<sup>1</sup> PISA, PIRLS халықаралық зерттеулер контекстінде оқу сауаттылығын дамыту. Әдістемелік нұсқау Астана, «І. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясы», 2014. – 56-бет.

- халықаралық стандарттар деңгейінде жоғары экономикалық тиімділікке негізделген ұлттық бағалау жүйесін жарату мүмкіндігін береді.

- Өзбекстандағы әр түрлі ұйымдардың жетекші сарапшыларын тартумен халықаралық зерттеулерге қатысуы арқылы *жергілікті сарапшыларымызда мониторингтік зерттеулер жүргізу мәдениеті дамиды*, білім сапасын бағалаудың халықаралық стандарттарға сәйкестілігін көрсетеді.

- ұлттық білім беру сапасын бағалаудағы *бақылау материалдарын халықаралық зерттеулерде қолданылатын бақылау материалдары сапасы нәтижесінде істен шығу* мүмкіндігін береді.

Алдымен PISA халықаралық салыстырмалы зерттеулері дегеніміз не және оның маңыздылығына тоқтала кетсек. PISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында алынған деректер тұтастай оқытудың мазмұны мен әдістері ретінде, сондай-ақ контексті факторлардың (басқару моделі, оқыту тілі, отбасының және т.б әлеуметтік мәртебесі) мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне әсері ретінде білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негіз болады.

Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асады: «математикалық сауаттылық», «жаратылыстану сауаттылығы» және «оқу сауаттылығы». PISA зерттеуінің әрбір кезеңіндегі бағалаудың басым аймағындағы өзгеріс зерттеудің негізгі бағыты бойынша толық ақпарат алуға және бұл бағыттағы үдерістерге салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік береді.

PISA халықаралық зерттеуі оқушылардың білім жетістіктерін бағалауды «математикалық сауаттылық», «жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» және «оқу сауаттылығы» бойынша жүргізіледі.

*Оқу сауаттылығы* – білім алушының жазба мәтіндерді түсіну, пайдалану, ойлау және өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, өз білімі мен әлеуетін дамыту, сонымен қатар қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеті.

*Математикалық сауаттылығы* – білім алушының әртүрлі жағдайда, өзі өмір сүріп жатқан әлемде математика рөлін анықтау және түсіну, жасампаз, мүдделі және ойшыл азаматқа тән дәйектелген математикалық пікір айту және математиканы қазіргі таңда, болашақта қажеттілікті қанағаттандыру үшін қолдана алу қабілеті.

*Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы* – білім алушының нақты жағдайларда ғылыми әдіс көмегімен шешілетін, зерттелетін проблемаларды анықтау үшін, тәжірибе мен бақылау негізінде қорытындыға қол жеткізу үшін жаратылыстану білімін қолдану қабілеті.

Оқу сауаттылығы. PISA зерттеуінде оқу сауаттылығы ұғымын оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы деп түсінуге болады. Оқушылардың оқу сауаттылықтарын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалауға емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Оқу сауаттылығын бағалау барысында үш аспекті есепке алынады: оқу материалдарының форматы, тапсырманың түрі, мәтіннің қолдану жағдайы немесе мақсаттары төмендегілер болып табылады:

- зерттеу барысында мәтінді толық түсінгенін дәлелдейтін жаттығулар мен меңгере білу деңгейлері бағаланады: мәліметті табу, мәтінді түсіндіріп беру, мәтіннің мазмұнына немесе оның формасына рефлексия білдіру және олардың бағасы;

- мәтіннен мәлімет таба білуді бағалау үшін, мәтінді қарап шығып, оның негізгі элементтерін анықтау және сұрақтан гөрі қажетті

(синонимдік) форманы бейнелеген мәліметті іздестіру үшін тапсырмаларды қолдана білу;

- оқушылардың мәтінді түсіндіріп беру қабілетін бағалау барысында мәтінде берілген әр түрлі мәліметтерді салыстыру, автордың сипаттаған ойларынан қорытынды жасау немесе мәтіннің мәнін түсіну ұсынылады;

- рефлексияны бағалау үшін мәтіннің мазмұны немесе формасына, оқушы тапсырманы орындау барысында мәтіндегі мәліметті басқа жерден алған білімдерімен байланыстыра білуіне, мәтінде берілген бекітулерді өмір туралы өз көзқарастарымен байланыстырып, дәлелдеулеріне көңіл бөлінеді.

Математикалық сауаттылығы. PISA зерттеуінде математика бойынша жеке ойлау қабілеттеріне бағытталған тест тапсырмаларының мазмұнына ерекше көңіл бөлінеді. Ол математикалық ойлаудан және құбылыстарды сипаттауға, түсіндіруге және болжау үшін математикалық тұжырымдамаларды, рәсімдерді, айғақтарды және құбылысты қолданудан тұрады. PISA тестіндегі математикалық тапсырмалар сонымен бірге, оқушыларға математиканың олардың өмірінде қандай рөл атқаратынын түсінуге көмектеседі. PISA тестіндегі математикалық тапсырмалар оқушыларға сандық, кеңістік, ықтимал болатын және басқа да математикалық тұжырымдамалары бар математикалық мәселелерді талдауға, ойластыруға, шешуге және түсінік беруге мүмкіндік туғызады. Сонымен, PISA зерттеуінде 15 жастағы оқушылардың күнделікті өмірде туындайтын көптеген мәселелерді шешу үшін алған білім және біліктілік қабілеттерін анықтау және бұл қабілеттіліктің даму тенденцияларын айқындау басым сипатта болып табылады. 15 жастағы оқушылардың математикалық дайындықтарын тексеру мазмұны математикалық сауаттылық түсінігіне негізделген, ол «адамның өмір сүретін әлемде математиканың рөлін анықтау және түсіну қабілеті, жақсы қисынды математикалық пікірлерді айту, қазір және келешекте мүдделі, саналы азамат жасайтын қажеттілігін қанағаттандыру үшін математиканы қолдана

білу» деген түсінікті береді. Математикалық сауаттылық деген ұғымға оқушылардың келесі қабілеттіліктері жатады:

- қоршаған ақиқат ортада пайда болатын және математика арқылы шешіле алатын мәселелерді тани білу;
- бұл мәселелерді математика тілінде құрастыру;
- бұл мәселелерді математикалық айғақтар мен әдістерді қолдана отырып шешу;
- шешімдерде қолданылған әдістерді талдау;
- қойылған мәселелерді есепке ала отырып нәтижелерді түсіндіру;
- шешімдердің нәтижелерін құрастырып жазу.

Жаратылыстану сауаттылығы. Қазіргі заманғы қоғам өмірінде оқушылардың жаратылыстану ғылымдары мен технологияларын түсінуі, оларға өмірге әсер ететін жаратылыстану ғылымдары мен технологиялары салыстырылатын қоғамдық стратегияны (курсты, саясатты) қалыптастыру жұмыстарына қатысуға мүмкіндік беріп, ерекше маңызға ие болуда. Сондықтан, PISA зерттеуі аясында 15 жастағы оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын зерттеу де маңызды болып табылады.

PISA зерттеуінде ғылыми жаратылыстану сауаттылығы ретінде ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетінен қосылатын өзгерістерді түсінуге және сәйкесінше шешімдер қабылдауға қажетті мәселелерді анықтап, негіздемелі қорытындылар жасай білу қабілеттерімен түсіндіріледі. <sup>2</sup>

- ғылыми жаратылыстану сауаттылығын төрт аймаққа бөлуге болады:
- ғылым мен технологияға сүйенетін өмірлік жағдайларды танып білуі (контекст);
- қоршаған орта мен ғылым туралы білімдерден тұратын ғылыми білімдердің негізінде техниканы қоса қоршаған әлемді түсінуі (білім);

---

<sup>2</sup> PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту. Әдістемелік құрал.– Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясы, 2014. – 98-бет.

- ғылыми сұрақтарды ажырата білуі, ғылыми жаратылыстану құбылыстарын түсіндіруі, айқын нақтылықтар мен дәлелдемелердің негізінде қорытындылар жасауы үшін ғылыми білімдерді қолданудан тұратын құзыреттіліктерді көрсетуі (құзіреттіліктер);

- ғылыми жаратылыстану біліміне деген қызығушылығы.

PISA зерттеуінде бағаланатын ғылым жаратылыстану білімдері, машықтары мен дағдылары ғылыми жаратылыстану циклі пәндері – физиканы (астрономия элементтерімен), биологияны, химияны, географияны оқуда қалыптасады. Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы келесі компоненттерден тұрады: ғылыми жаратылыстану пәндері аясында қалыптасатын «жалпы пәндік» машықтары, ғылыми жаратылыстану білімдері қолданылатын жаратылыстану ұғымдары мен жағдайлар. Зерттеу мақсатына – белгіленген жаттығулар мен ұғымдарды кешенді тексеру жатады. Ұсынылған сұрақтардан жаратылыстану ғылымдары жауап беретін сұрақтарды белгілей білу, берілген ақпараттың негізінде ғылыми негізделген қорытындылар жасай білу машықтарын тексеруге ерекше көңіл бөлінеді.

PISA халықаралық бағалау бағдарламасының зерттеуінің төмендегідей ерекшеліктерін атап, одан кейін барып әдебиет сабақтарында PISA тест тапсырмаларының пайдаланылуы дәрежесіне тоқталуды жөн көрдік.

Олар төмендегілер:

- PISA халықаралық бағалау бағдарламасы бүкіл әлем бойынша кешенді және тұрақты бағдарлама;

- білім саласындағы ең ауқымды, ең көлемді халықаралық мониторингтік зерттеулердің бірі;

- зерттеуге жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын 15 жастағы (15 жас 3 айдан 16 жас 2 айға дейін) оқушылар қатысады;

- оқушылардың «өз бетінше өмір сүруге дайындығы» деңгейі, яғни олардың мектепте алған білімдері мен дағдыларын өмірде туындауы мүмкін мәселелерді шешуге қаншалықты пайдалана алатындығы;

- оқушылардың функционалдық сауаттылығы, оның ішінде оқу (түсіну), жаратылыстану-математикалық сауаттылығы, сонымен қатар осы салалардағы өмірлік есептерді шешу қабілеті бағаланады;

- зерттеуде қатысушы елдердің білім беру жүйесінің ерекшеліктері туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін ақпарат жиналады.

Ал ендеше, PISA халықаралық бағалау тапсырмалары дәрежелеріне қандай талаптар қойылады?

Тапсырманы орындау үшін талап етілген интеллектуал және пікірлеу қабілетін қарап 3 когнитив дәрежеге бөдінеді;

- төменгі дәреже – бірінші басқыштағы жаттығулар;

- орта дәреже – оқиғаны сипаттау;

- жоғары дәреже – күрделі мәліметтерге талдау жасау.

Жоғарыдағы ерекшеліктерді ескере отырып, PISA тест тапсырмалары - әдебиет сабақтарында бүгінгі күн оқушысының пікірлеу, ойлау қабілетін дамыту, зейінін жинақтау, сөйлей алу мәдениетін жетілдіру, өз пікірін еркін жеткізе алу мен өмірге реал көзқарасын қалыптастыру, мәтінді талдай алу мүмкіндіктерін жүзеге шығарады, оны өсіруге және дамытуға көмектеседі.<sup>3</sup> Осыдан келіп шығып біз курс жұмысымда халықаралық талаптар негізінде қазақ поэзиясының ақиық ақыны М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын оқытуда PISA тест тапсырмалары үлгісін береміз.<sup>4</sup> Мектеп оқу бағдарламасында бұл поэманы үйрену үшін 1 сағат ажыратылған. Ендеше сұрақ туындайды: 45 минуттың ішінде 1800 сөзден астам поэманы үйреніп, талдау мүмкін бе? Шығарманы мәнерлеп оқып шығу үшін 20 минут керек деп есептесек, ұйымдастыру жұмыстары мен өтілген тапсырманы пысықтау үшін 10-15 минут кетсе, қалған минутта

---

<sup>3</sup> Pisa tadqiqotida kreativ fikrlashni baholash doirasi. – Toshkent, 2020. – 18-бет.

<sup>4</sup> Абдувалитов Е., және басқ. Әдебиет. (Жалпы орта білім беретін мектептердің 8-сыныбына арналған оқулық). Ташкент, «O'zbekiston», 2019. – 212-бет.

оқушылар поэманы талдауы үшін жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бірақ поэма өлең жолымен жазылғанын есепке алсақ, ол оқушының қабылдау дәрежесіне оң ықпалын тигізеді деп ойлаймыз.

Поэма оқытушы жағынан мәнерлеп оқып беріледі. Оқушылар зейін қойып тыңдайды. Шығарманы оқып болған соң мұғалім сыныпты үш кіші топқа бөледі және топтармен поэманы талдауда түрлі әдістерден пайдаланады.

**1-әдіс: «10x10» немесе «Топ ондықты тап» деп аталады.** Мұнда оқушылар берілген сұрақтарға 10 вариантты жауаптарды берулері керек болады. Бұл әдіс оқушылардың пікірлеу қабілетін кеңейтеді, сөз байлығын көбейтіп, синоним сөздерден пайдалана алу шеберлігін арттыра түседі және зейінді болуға дағдыландырады.

**1-кіші топ: Шығарманың бас кейіпкері кім? Оған 10 анықтама келтір.**

Мысалы: Шығарманың бас кейіпкері «Аққу»

- 1) Қазақта аққуды киелі құс санайды.
- 2) Аққулар жұп-жұп болып өмір сүреді.
- 3) Аққулар махаббаттың символы.
- 4) Аққулар көлде жүзгенде билеп жатқандай көрінеді.
- 5) Аққулардың түсі ақ болғандықтан олар бейбітшіліктің мәнін береді.
- 6) Аққулар тек тыныш мекендерде жасайды.
- 7) Аққулар бір шошынған өлкесіне қайтып оралмайды.
- 8) Аққулар пәктіктің белгісі.
- 9) Биші құстар.
- 10) Аққулар тек суда жасайды.

**2- кіші топ: «Аққуды жаралаған кім?». Оған 10 мінездеме жаса.**

- 1) Мейірімді, жанашыр, адал ана.
- 2) Перзенті үшін бәріне дайын батыр ана.
- 3) Сабырсыз, төзімсіз бірақ адал.
- 4) Еріксіз қалған байғұс ана.
- 5) Ақ көңілді қарақшы ана.



- 6) Ботасына бауырмал ғазиз ана.
- 7) Аққуды аямайтын жаралы ана.
- 8) Қайғы мен қасіреттің ажалында қалған жан.
- 9) Сорлы ана.
- 10) Бала махаббатына қаныққан аяулы ана.

**3-кіші топ: Шығармада келтірілген жер-су, құс, ағаш, жануар, мезгіл атауларын ата 10 та.**

1) «Жетім көл», 2) Көкқұтандар, 3) Алатау, 4) Киік, 5) Арша-шырша, 6) Тамыз, 7) Бұлбұл, 8) Жылқы, 9) Аққулар, 10) Жасыл жалбыз.

**2-әдіс «Не үшін» деп аталады.** Мұнда кіші топтар берілген тапсырма бойынша «Неге...?» сұрағына білгендері бойынша жауап береді. Бұл әдіс оқушылардың пікірлеу, есте сақтап қалу және өз пікірін айта алу қабілеттерін дамытады.

**Жалпы сұрақтар: «Жетім көл» → себебі ...**

1-кіші топ: «Сыңар қанат, сынық құс – жаралы аққу» → ... неге?

2- кіші топ: «Ақ төсек- аппақ айдын, аққу – бала» → .. неге?

3- кіші топ: «Аққуменен баланы аластаңдар» → ... неге?

**3-әдіс. « Ойла, ізде, тап».** Мұнда шығарманың мазмұны бойынша жабық тесттер беріледі. Бұл баланы зейінді болуға дағдыландырады.

1-сұрақ: Шығарма не үшін «Аққулар ұйықтағанда» деп аталды деп ойлайсың?

2-сұрақ: Қасиетті аққуды атқан ананың іс әрекеті жайында қандай пікірдесің?

3-сұрақ: Не үшін жетімсіреген «Жетім көл» деген ат қалды?

4-сұрақ: «Қасиетті аққулар» жайында қандай қосымша мәлімет білесің?

5-сұрақ: Аққудан тыс тағы қандай киелі құстарды білесің?

Сабәқ соңында «Шығармадан алған әсерім» тақырыбында эссе жазу үйге тапсырма ретінде беріледі.

**Талқылаулар мен нәтижелер:**

Жоғарыда келтірілген әдістер арқылы берілген поэма оқушылардың түсініктерін кеңейте түседі, шығармады талдауға көмектеседі. Сыныптағы оқушылардың пікірлерін топтап, қорытынды шығара алу дағдысын қалыптастырады.

PISA тесті оқу сауаттылығы бағытында алдыңғы қатардағы халықаралық сарапшылар қажет деп таныған мектеп түлегінің алған білімін сәтті жүзеге асыруы және шынайы өмірде қолдана алу құзыреттіліктерін белгіледі. Оқу сауаттылығын бағалау үшін білім алушыларға берілген мәтіндегі материалдарды салыстыру, автордың ойын аңғару, жауапқа дайындалу барысында нақты дәлелдемелер табу ұсынылады. Мәтін, жағдаят және сұрақ – оқу сауаттылығын бағалаудың 3 негізгі өлшемі. Оқуға арналған материалдар әртүрлі форматта көрсетілген, атап айтқанда, көркем әдебиет және ғылыми танымал мәтіндер, ресми құжаттар, қоғамдық маңызды жағдайлар туралы мәлімет, кестелер, графиктер, диаграммалар мен карталар форматында. Осылайша «білім алушылардың функционалдық оқу сауаттылығы» бағытында зерттеу әдістемесі тек қана оқуды емес, сонымен қатар адамның мәтінмен қатынасының жеке аспектілерін қарастырады. Бәрінен бұрын, жеке хаттарды оқуды енгізетін өз мақсаттары үшін оқу, көркем әдебиетке қызығушылық пен әртүрлі ақпараттық мәтіндер мен нұсқауларды есепке алады. Мәтіндерінің шынайылығы (өмірдегі мысалдар) PISA тестерінің ерекшелігі болып табылады. Зерттеудің осы бағыты бойынша тест сұрақтары ретінде көркем мәтіндер қолданылады.

### **Мәтін №1**

#### **Дегелеңдегі жарылыс**

- Айтуар! Айтуар! Ананы қара! Дегелең жақтан саңырауқұлақ шықты. Қара! Қарасаңшы! Саңырауқұлақтың үлкені-ай! Қып-қызыл от...Жалын...Күннен де жарық...Қара, қара деймін! Күн көрінбей қалды. О-охо-хо! Қызыл күн...Қызыл күн шықты...- деп Қажымұрат жартасқа жабыса айғайлайды. Бірақ мен жартас қуысына кіріп, қорыққаннан көзімді

тарс жұмып, жер бауырлап жата бердім. Тұла бойым дірілдеп, менімен бірге бүйірімдегі қара жер де солқылдады. Маңайды дүріл басып, бетті жалын жалап, төңіректі жай отындай сәуле шарпыды. Шілде айының аптабынан да ыстық, күшті дауыл тұрды.

Сол жылы күзде үздік оқитын Қажымұрат мектепке келмеді. Соқыр болып қалған. Оны әке-шешесі Алматыда емдету үшін көшіп кетіпті.

**1-сұрақ:** Қара жер қандай күйге енді?

- А. Жылады
- Б. Солқылдады
- С. Қайғырды
- Д. Еңіреді

**Дұрыс жауабы:** Б)Солқылдады

**2-сұрақ:** Жартас қуысына тығылған баланың аты кім?

- А. Қажымұрат
- Б. Айтуған
- С. Алпамыс
- Д. Айтуар

**Дұрыс жауабы:** Д)Айтуған

**3-сұрақ:** Төңіректі қандай сәуле шарпыды?

Жауабы: \_\_\_\_\_

**4-сұрақ:**

р\с	Мәтін	Иә	Жоқ
1	Қажымұрат өзінің соқыр болып қалғанына кінәлі ме?		
2	Айтуарды қорқақ деп санайсыз ба?		
3	Сәуле мен дауылдың ортасында байланыс бар ма?		

**5-сұрақ:** Сізше, Қажымұраттың сауығуына мүмкіндігі бар ма? Жауабыңызды дәлелмен келтіріңіз.

---

---

---

---

---

---

**6-сұрақ:** Қазіргі таңда атом станцияларының салынуына сіздің көзқарасыңыз қандай?

---

---

---

### Мәтін № 3

#### Тұмау

Қыстың суық күндерімен қосылып бізге тағы бір қауіп келеді – ол тұмау. Бұл өте қауіпті, жұқпалы ауру, вирус арқылы жұғады. Басқа жұқпалы ауруларға қарағанда тұмау өкпенің қабынуына, отит, гайморит, жүрек ауруларына және жүйке ауруларының асқинуына әкеліп соқтырады.



Өкінішке орай, біз әлі тұмауға қарсы шара қолдануды үйренген жоқпыз. Бірақ, интерферон, ремантадин, ликопид, амиксин, арбидол,

афлутон дәрілерінің өте пайдалы екенін білдік. Бұл дәрілердің бәрінің вирусқа қарсы емдік қасиеттері бар. Тұмаудан қорғанудың бірден-бір жолы- егу. Ресейдің «Гриппол», француздың «Ваксигрипп» компаниялары тұмауға қарсы 11 түрлі дәрі-дәрмек ұсынды.

**1-сұрақ:** Тұмау қай кезде қозады?

- А. Жаз айында
- Б. Ауа райының суық кезінде
- С. Жаздың қапырық кезінде
- Д. Жауын- шашынды күндері

Дұрыс жауабы: Б) Ауа райының суық кезінде

**2-сұрақ:** Бетпердені күніне неше рет ауыстыру керек?

Жауабы: \_\_\_\_\_

Дұрыс жауабы: 8

**3-сұрақ:** Тұмау кезінде қабынатын ағзаларды атаңыз:

Жауабы: \_\_\_\_\_

Дұрыс жауабы: Өкпенің қабынуы, отит, гайморит, жүрек аурулары

р/с	Мәтін	Иә	Жоқ
1	Тұмаудың алғашқы белгілері пайда болғанда дәрігер шақырту керек пе?		
2	Бөлмені күніне 2 рет таза ауамен желдету жеткілікті ме?		
3	Тұмау кезінде сұйықтықты ішуді шектеу қажет пе?		

**4-сұрақ:** Тұмауға қарсы екпені алу тиімді ме, тиімсіз бе?

Жауабы: \_\_\_\_\_

**5-сұрақ:** Жұқпалы тұмаудың жыл сайын жаңа түрлері пайда болуда.

Сонда адамзаттың тұмауға қарсы күресі өз нәтижесін бермеді ме?

Жауабы: \_\_\_\_\_

### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. PISA халқаралық бағалау жүйесі?
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын асыруда PISA тест тапсырмаларының орны?
3. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда PISA тапсырмаларының ерекшеліктері неде?
4. Қазақ тілі сабақтарында PISA тест тапсырмаларын істеп шығу?

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. PISA- Халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал – Астана, ҰББСБО, 2012, 114 бет.
2. Мирсеитова С. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» Қарағанды, 2011.

### Тест сұрақтары:

№	Тест тапсырмасы	Дұрыс жауап	Альтернатив жауап	Альтернатив жауап	Альтернатив жауап
1	PISA халықаралық зерттеуі қанша жастағы оқушылар қатысады?	*15	12	7	18
2	PISA халықаралық зерттеуі оқушылардың қайсы пәндерден білім жетістіктерін анықтайды?	*оқу, математика және жаратылыстану	оқу, физика және жаратылыстану	математика, тіл және табиғаттану	математика, оқу және тіл
3	PISA халықаралық зерттеуінің мақсаты не?	*оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалау	оқушылардың қабілетін дамыту	тақырыптың мазмұнын терең түсіну	тақырыпты өзбетінше үйрену
4	Оқушылардың білім	*3	2	4	5


	жетістіктерін зерттеу неше бағытта амалға асырылады?				
5	PISA зерттеуінің құралдары	*Тест тапсырмалары, анкета сұрақтары	Шығармашылық тапсырмалар, анкета сұрақтары	Тест және мәтінді талдау тапсырмалары	Шығармашылық тапсырмалар және сауалнамалар
6	PISA халықаралық зерттеу неше жылда бір рет өткізіледі?	*3	5	6	4
7	Оқу материалы мазмұнын нақты түсінуін бағалауға емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған - ...	*оқу сауаттылығы	математикалық сауаттылық	жаратылыстану сауаттылығы	оқу және математика, жаратылыстану сауаттылығы
8	Оқу сауаттылығын бағалау құрылымының неше басты аспектісі	*3 түсіну, ойлау, пайдалану	2 түсіну, ойлау	4 түсіну, ойлау, пайдалану, қорытынды шығару	5 түсіну, ойлау, пайдалану, қорытынды шығару, қолдану
9	Оқу сауаттылығында кездесетін мәтіндердің неше түрі кездеседі	*4	3	2	5
10	PISA халықаралық зерттеу қайсы жылдан бастап қолданысқа енді?	*2000	2003	2006	2009

### III. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ

**1-практикалық жаттығу:** Заманауи оқыту әдістері және педагогикалық технологиялар. Оқытудың дәстүрлі болмаған қалыптары.

**1-тапсырма:** Проблеманың қойылуы.

**1-топ:** Қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдістердің ерекшеліктерін айқындау. Төмендегі кестені үйреніп, толтырыңыз.



**2-топ.** Дәстүрлі және инновациялық оқыту технологияларының ерекшеліктері жайлы мәліметтер береді.

Негізгі сиппатамалары	Білім берудің дәстүрлі үлгісі	Білім берудің инновациялық үлгісі
-	-	-

**3-топ.** Төмендегі кесте бойынша инновациялық технологияларға сипаттама жасайды.



	Технологияның аты, авторы, әдебиеттер.	Мақсаты.	Ерекшеліктері.	
			Тұжырымның	Мазмұны мен әдістерінің
	<b>Ынтымақтастық педагогикасы.</b> Әдебиеттер: Берулаева М.Н. “Общепедагогический подход гуманизации образования” Педагогика №5. 1994 Селевко Г.К.Тихомирова Н.К. “Педагогика сотрудничества”. Методические рекомендации. ч. I,II. Ярославль, 1988-89.	-талап ету педагогикасына қарым-қатынас педагогикасына ету; -балаға ізгілік тұрғысынан қарау; -оқыту мен тәрбиенің бірлігі.	-мұғалім-оқушы, оқушы-мұғалім, оқушы-оқушы. Оқушы да субъект, мұғалім де субъект. -Екеуінің бірлік одақта қызмет істеуі, бір-бірін басымдық көрсетпеуі. -Жалпы мектеп ұжымының арасында өзара ынтымақ болуы.	-балаға жеке ізгілік қарым-қатынас; -дидактикалық белсендіруші және дамыту-шы кешені; -тәрбиелеу тұжырымда-сы; -қоршаған ортаны педагогикаландыру.

### Бақылау сұрақтары:

- 1.Интерактив әдістер дегеніміз не?
- 2.Интерактив әдістердің тиімділігі неде?
3. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қандай интерактив әдістерді қолдану ерекшеліктері.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004.
- 2.Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – // Қазақстан мектебі, № 4, 2008.
- 3.Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007.
- 4.Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

### 2-практикалық жаттығу: Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстары.

#### Проблеманың қойылуы

Тыңдаушыларға топпен бірге орындайтын негізгі тапсырмалар мен сұрақтар:

*Сипаттама беріңдер:*

**1. Түсіндірмелі талдаулар.** Бұған мына талдаулар жатады: 1) лексикалық талдау әдісі; 2) фонетикалық талдау әдісі; 3) морфологиялық талдау әдісі; 4) синтаксистік талдау, әдісі.

**2. Анықтауыштық талдаулар:** 1) орфографиялық талдау әдісі; 2) пунктуациялық талдау әдісі; 3) орфоэпиялық талдау әдісі; 4) стилистикалық талдау әдісі.

**☑ Мәлімет келтіріңдер:**

1. Методика тарихында талдау әдісін ғылыми дәрежеге көтерген педагог - Константин Дмитриевич Ушинский.

2. Талдау әдісте білім меңгерту, лекция, практикалық дағдыны қалып тастыру, практикум, семинар, сынақ, лабораториялық тексеру сабақтарында қолданылуы.

**☑ Мысалдармен дәлелдеңдер:**

1. Талдау әдістеріні материалы - дидактикалық материалдар. Олар екі топқа жіктеледі: 1) теориялық материалдар: тақырыпты термині, анықтамасы, ережелері, өзіндік ерекшеліктер 2) практикалық материалдар: сөздер, сөйлемдер, мәтіндер (фразалар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер). (қ. бет). Бір бүтін ұғымның, заттың, бойындағы әр мәтін элементтердің реляциясы мен бірлігін құрылым деп атайды.

**☑ Үлгі көрсетіңдер:**

• Фонетикалық, лексикалық, морфоологиялық және синтаксистік талдауларға үлгілер көрсетіндер.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Тіл дамыту дегеніміз не?
2. Тіл дамытудың қандай түрлері бар?


**Әдебиеттер:**

1. Әбілқасым А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы, 1995.
2. Жүнісбек Ә. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.А., 1998.
3. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы, 1999.
4. Исабаев Ә.Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент-2003.

**3-практикалық жаттығу: Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы**

**1-тапсырма. Қазақ әдебиет тарихы сабақтарында инновациялық технологияларды пайдалану.** Лирикалық, эпикалық шығармаларды оқытуда «Ақыл картасы», «Екі жақты күнделік стратегиясы», «Панорамма», «ПСМК» т.б. интербелсенді әдістерден пайдалану.

**Әдебиет сабақтарында өтілетін тақырыптарды тараулар бойынша “Ақыл картасы” кестесіне толтырыңыз.**



**С.Торайғыровтың “Бір адамға” өлеңін “Екі жақты күнделік стратегиясы” әдісі арқылы талдау жүргізіңіз?**

<b>Өлеңнен өзіңізге әсер еткен шумақты жазыңыз</b>	<b>Шумақтың мән-мазмұнын айтып береніз</b>	<b>Шумаққа мақал-мәтел немесе қанатты сөздермен қорытынды жасаңыз</b>

**2-тапсырма: Көркем туындыны талдау жұмыстары. Паннорама әдісі.**

<b>Проблеманы анықтау</b>	<b>Келіп шығу себептері</b>	<b>Шешімі</b>	<b>Жеке басым не істер едім</b>



**3-тапсырма. Суреттерге назар аударыңыздар, суреттегі тұлғаларды қалай байланыстырар едіңіздер?**



**Бақылау сұрақтары:**

- 1.Қандай интербелсенді әдістерді білесіз?
2. Әдебиет сабақтарында интербелсенді әдістерді пайдаланудың тиімді жолдары?
- 3.Әдебиет сабақтарында көркем шығарманы талдауда “Паннорама” әдісінен пайдаланыңыз?

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Толипов Ы., Усмонбоева М. Педагогик технологияларнинг татбиқий асослари. – Т.: Фан, 2006.

2. Толипов Ы.Қ., Усмонбоева М. Педагогик технология: назария ва амалиёт. – Т.: “Фан”, 2005.

3. Бітібаева Қ. Қазақ әдебитін тереңдетіп оқытуда инновациялық әдістемесі және технологиясы. Бірінші. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.

4. Бітібаева Қ. Қазақ әдебитін тереңдетіп оқытуда инновациялық әдістемесі және технологиясы. Екінші. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.

**4-практикалық жаттығу: Әдебиет сабақтарында БЛУМ таксономияси қолдану әдістемесі**

**Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін Блум таксономиясы бойынша меңгеру.**

**Блум таксономиясы бойынша оқыту деңгейлері:**

Деңгейлер	Көрсеткіштер
<b>1. Білім</b>	Ақпаратты, оқу материалын (қажетті деректерді, нақты фактілерді немесе бүтін теорияларды) есте сақтау мен қайталау (репродукция).
<b>2. Түсіну</b>	Оқу материалын бір формадан екінші формаға, бір белгі жүйесінен басқа жүйеге түрлендіру (интерпретация), ауыстыру, оқу мәліметін өздігінше игеру, салдары мен нәтижелерінің қандай болатындығы туралы алдын-ала болжау, жорамалдау. Мысалы, сөздерді математикалық формулаға түсіру немесе схема, кесте түрінде көрсету; өз сөзімен түсіндіріп беру, қысқаша сипаттау.
<b>3. Қолдану</b>	Оқу материалын жаңа жағдайлар мен ситуацияларда қолдану. Мәселен, ережелерді, формулаларды, түсініктерді, заңдарды, теорияларды, қағидаларды қолдана отырып қандай да бір проблеманы шешу.
<b>4. Талдау (анализ)</b>	Оқу материалын құрамдас бөліктерге жіктеп, олардың арасындағы байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша құралатындығын түсіну және түсіндіре білу.
<b>5. Синтез</b>	Оқу материалын пайдалана отырып, шығармашылық тұрғыдан жаңа мазмұн құрастыру. Мәселен, баяндама немесе эссе жазу, жоспар немесе схема құрастыру.
<b>6. Қорытынды (Бағалау)</b>	Оқу материалының мағызын бағалау: салыстыру және айырмашылықтарын айқындау, дәлелдеу арқылы шешім қабылдау. Мұнда тұжырымдар нақты талаптар (критерийлер) тұрғысынан болуы керек. Бұл критерийлер үйренушінің өмірлік тәжірибесі мен ұстанған

	көзқарастарына негізделетін немесе ұстаздың ұсынысынан туындайтын болуы керек. Бағалау алдыңғы деңгейлердің нәтижелеріне жету мүмкіндігін береді.
--	--

Ең алдымен студенттер «Табиғат», «Адамазат», «Түз тағылары» деп үш топқа бөлінеді. Содан соң әрбір топқа жеке-жеке немес бірдей тапсырма беріледі. Мысалы:

**Білім деңгейі бойынша тапсырма: (Топтық жұмыс)**

1-топ: Әңгіменің жазылу тарихы.

2-топ: Әңгіменің композициялық құрлысына қарай талдау.

3-топ: БАҚ-нан түз тағылары (қасқыр) туралы мәлімет топтау.

**Түсіну деңгейі бойынша тапсырма: (Пікірталас)**

3 топқа бірдей сұрақ: Құрмаштың бөлтірік асырауы дұрыс па? Көксеректің Құрмашты өлтіруін қалай бағалайсындар?

**Қолдану деңгейі бойынша тапсырма:**

3 топқа бірдей сұрақ: Жазушының ұстанған идеясы не деп ойлайсындар? Өздерінің жеке пікірлерің қандай?

**Талдау деңгейі бойынша тапсырма: “Кім кінәлі” (проблемалық сұрақтар)**

1. Қалай ойлайсындар? Көксерек Құрмаштан гөрі ақ қасқырмен неге тез бауырласты?

2. Қалай ойлайсындар? Қасқырлар іс-әрекеті мен адамдар іс-әрекетінде ұқсастық бар ма? Қайсысы қаталырақ?

3. Құрмаштың өліміне кім кінәлі? Не үшін?

4. Қасқырларды қолға үйретуге бола ма? Неге?

**Сахна төріне Көксеректі шақырайық.**

**Студенттердің сұрақтары:**

1) Көксерек, сен неге ит сияқты асырауға көнбейсің?

2) Адамдармен жауласудағы басты мақсатың не?

3) Құрмашты неге өлтірдің?

4) Өмірге өз қалауыңмен келер болсаң қасқыр болған жақсы ма әлде ит боп өмір сүрген жақсы ма?

**Ендеше келесіге осы Көксеректің құрбаны болған Құрмашты ортаға шақырайық.**

**Студент сұрақтары:**

Көксеректі неге асырадың?

Көксерек үлкейгенде өзіңе тап береді деп қорықпадың ба?

**Синтез (топтастыру) деңгейі бойынша тапсырма: (эссе жазу)**

«Егер мен жазушы болғанымда - .....»

**Қорытынды деңгейі бойынша тапсырма: (Рефлексия жазу)**

Шығарма несімен ұнады	Құрмаштың орнында болғанда не істер едің?	Жасалған қорытынды

#### IV. ГЛОСАРИЙ

<b>Методология</b>	зерттеу, әдіс, ілім деген сөздерден алынған термин	<b>Methodology</b>	term derived from the term "study", "learning" and "teaching"
<b>Технология</b>	білімдік ақпараттарды толықтырып, өңдеп, өзгертіп ұсынудың әдістері мен құралдарының жиынтығын, қажетті құралдарды оқу үрдісінде тиімді пайдалана отырып, оқушыларға жеткізе білудің тәсілдері туралы ғылым.	<b>Technology</b>	the science of methods and tools for completing, modifying and modifying educational information, ways to effectively communicate the necessary tools with students in the learning process.
<b>Модуль -</b>	дидактикалық жетісіліктерге жету үшін алдында мақсаты, өзіндік іс-әрекетінің бағдарламасы, жетекшілік әдістемелік жүйесі бар аяқталған ақпарат блогі.	<b>Module -</b>	is a complete set of information, which aims at achieving didactic achievement, its own program of activities, guidance methodology.
<b>Модуль -</b>	оқу үрдісінің өзгеруіне байланысты үнемі толықтырылып, өзгертіліп, түрлендіріліп отыратын іріленген мазмұнды дидактикалық бірлік.	<b>Module -</b>	is a didactic unit with an expanded content that is constantly being replenished,

			modified, and modified in connection with changes in the learning process.
<b>Модульдік оқу -</b>	білім мазмұнын әр қырынан жетілдірудің, ұйымдастырудың құралы мен әдісі.	<b>Modular training -</b>	is a tool and method of perfection, organization of every aspect of educational content.
<b>Инновация</b>	Инновация - жаңаша ойлаудың жолы болғандықтан, оқытудың жаңа мазмұндағы түрі.	<b>Innovation</b>	Innovation - this is the new content that is new to the newest.
<b>Инновациялық әдістемесі</b>	инновациялық әдістер мен дидактикалық құралдарды қолдану арқылы білім негіздерін меңгерудің сипатын жаңа технологиялармен толтыруға, өзгертуге бағытталған.	<b>Innovative methodology</b>	innovative methods and the use of didactic tools for learning the latest technologies.
<b>Дидактикалық әдебиет</b>	(грек тілінен үлгілі, өнегелі, ғибратты) ғылыми-танымдық сипатта түзілген көркем шығармалар.	<b>Didactic literature</b>	(exemplary, Greek, exemplary), literary works of science and cognitive character.
<b>Идея</b>	әдебиет шығармасында өмірдегі жай-жағдайлар, адам тағдыры	<b>Idea</b>	The literature describes the situation in human life, the description of



	баяндалғанда, суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы		human destiny, the attitude and attitude of the writer to the problem
<b>Кейіптеу</b> (олицетворение )	әр түрлі табиғат құбылыстарына, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл.	<b>impersonation</b>	an artistic approach illustrating various natural phenomena, lifeless objects or figuratively animated.
<b>Мензеу</b> (синекдоха)	аз бен көпті, үлкен мен кішіні ауыстырып, немесе, бүтіннің орнына бөлшекті айту, жекеше ұғымның орнына көпше ұғымды алу, алмастыру.	<b>synecdoche</b>	small or large, large or large, or, instead of the whole, say this subject, replace the concept of the plural, replace the concept of the plural.
<b>Пейзаж</b>	(франц. – ел, жер) - әдеби шығармадағы жаратылыстың, яки табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі.	<b>Landscape</b>	a beautiful image of nature or nature in the creative arts.
<b>Повесть</b>	(орыс тілінен баяндау) – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін қарасөзбен жазылған, көлемді шығарма, эпикалық жанрдың орташа түрі.	<b>The Tale</b>	A versatile composition based on a story story, an average epic genre
<b>Портрет</b>	(француз тілінен	<b>Portrait</b>	Describe the

	бейнеленген ) - әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.		appearance of a literary hero, his appearance, his personality.
<b>Интонация дегеніміз</b>	сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: өз бен ой екпіні, сөйлеу қарқыны, ритмі (ырғағы), пауза (кідіріс), сазы.	<b>Intonation</b>	to sing music. It means that the rhythm and tonight, humility, or glimmering.
<b>Жанр</b>	әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары.	<b>Genre</b>	some virtuosity of literary works, vetwi profitable literary works
<b>Әдеби процесс</b>	бұл белгілі бір дәуірде, сонымен қатар, ұлттар мен елдердің, аймақтардың, әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи заңды қозғалысы.	<b>Literary Process</b>	This is a legitimate statutory movement in the definition of the epoch, as well as nationalities and countries, regions and literatures all over the world.

## **V. ҲАДЕБИЕТТЕР ТЇЗЇМЇ:**

### **I. Өзбекистан Республикасы Президентининг еңбектери:**

1. Мирзиёев Ш.М. Буюк келажакимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга қурамыз. – Т.: “Ўзбекистон”, 2017. – 488 б.
2. Мирзиёев Ш.М. Миллий тараққиёт йўлимизни қатъият билан давом эттириб, янги босқичга кўтарамиз. 1-жилд. – Т.: “Ўзбекистон”, 2017. – 592 б.
3. Мирзиёев Ш.М. Халқимизнинг розилиги бизнинг фаолиятимизга берилган энг олий баҳодир. 2-жилд. –Т.: “Ўзбекистон”, 2018. – 507 б.
4. Мирзиёев Ш.М. Нияти улуғ халқнинг иши ҳам улуғ, ҳаёти ёруғ ва келажакимиз фаровон бўлади. 3-жилд.– Т.: “Ўзбекистон”, 2019. – 400 б.
5. Мирзиёев Ш.М. Миллий тикланишдан – миллий юксалиш сари. 4-жилд.– Т.: “Ўзбекистон”, 2020. – 400 б.

### **II. Нормативті құжаттар:**

6. Ўзбекистон Республикасининг Конституцияси.–Т.:Ўзбекистон, 2023.
7. Ўзбекистон Республикасининг 2020 йил 23 сентябрда қабул қилинган “Таълим тўғрисида”ги ЎРҚ-637-сонли Қонуни.
8. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 7 февраль “Ўзбекистон Республикасини янада ривожлантириш бўйича Ҳаракатлар стратегияси тўғрисида”ги 4947-сонли Фармони.
9. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2018 йил 21 сентябрь “2019-2021 йилларда Ўзбекистон Республикасини инновацион ривожлантириш стратегиясини тасдиқлаш тўғрисида”ги ПФ-5544-сонли Фармони.
10. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2019 йил 27 май “Ўзбекистон Республикасида коррупцияга қарши курашиш тизимини янада такомиллаштириш чора-тадбирлари тўғрисида”ги ПФ-5729-сон Фармони.
11. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2019 йил 27 август “Олий таълим муассасалари раҳбар ва педагог кадрларининг узлуксиз малакасини ошириш тизимини жорий этиш тўғрисида”ги ПФ-5789-сонли Фармони.
12. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2019 йил 8 октябрь “Ўзбекистон Республикаси олий таълим тизимини 2030 йилгача ривожлантириш концепциясини тасдиқлаш тўғрисида”ги ПФ-5847-сонли Фармони.
13. Ўзбекистон Республикаси Президенти Шавкат Мирзиёевнинг 2020 йил 25 январдаги Олий Мажлисга Мурожаатномаси.
14. Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамасининг 2001 йил 16 августдаги “Олий таълимнинг давлат таълим стандартларини тасдиқлаш тўғрисида”ги 343-сонли Қарори.
15. Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамасининг 2015 йил 10

январдаги “Олий таълимнинг Давлат таълим стандартларини тасдиқлаш тўғрисида”ги 2001 йил 16 августдаги “343-сонли қорорига ўзгартириш ва кўшимчалар киритиш ҳақида”ги 3-сонли қарори.

### **III. Пэнге тиісті әдебиеттер:**

16. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. – Қ.: Рауан, 1998.
17. Абдувалитов Е. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Ташкент, 2022.
18. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық методикасы және технологиясы. Бірінші кітап. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.
19. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық методикасы және технологиясы. Екінші кітап. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.
20. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А.: Рауан, 2007.
21. Даулетова Н. «Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар» (PISA халықаралық зерттеулері бойынша) әдістемелік құрал. – Атырау, 2019. – 18-25-беттер.
22. Мұқанова Қ. Білім берудегі жаңа технологиялар: теориясы және әдістемесі: монография / Қ. Қ. Мұқанова. - Қарағанды: Ақ Нұр, 2019. – 162-бет.
23. Сәдуақас Т. Әдебиеттік оқуды оқыту әдістемесі: Оқу құралы / Алматы, «Medet Group», 2019. – 182-бет.
24. PISA, PIRLS халықаралық зерттеулер контекстінде оқу сауаттылығын дамыту. Әдістемелік нұсқау Астана, «БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясы», 2014. – 56-бет.
25. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту. Әдістемелік құрал. Астана, 2014. – 26-27 беттер.
26. PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ Әдістемелік құрал Әдістемелік құрал. Астана, 2013. – 56-58 беттер.
27. Инновацион таълим технологиялари /Муслимов Н.А., Усмонбоева М.Х., Сайфуров Д.М., Тўраев А.Б. – Т.: “Сано стандарт” нашриёти, 2015. – 81-б.

### **IV. Интернет сайттар:**

1. <http://edu.uz> – Ўзбекистон Республикаси Олий ва ўрта махсус таълим вазирлиги.
2. <http://lex.uz> – Ўзбекистон Республикаси Қонун ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси.
3. <http://bimm.uz> – Олий таълим тизими педагог ва раҳбар кадрларини қайта тайёрлаш ва уларнинг малакасини оширишни ташкил этиш Бош илмий-методик маркази.
4. <http://ziyonet.uz> – Таълим портали Ziyonet.
5. <http://natlib.uz> – Алишер Навоий номидаги Ўзбекистон Миллий кутубхонаси.